

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 146 (9464)

1954 жылғы 24 июль Сенбі

Шағына 35 жыл
жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ЕКІ ОБЛЫСТЫҢ ЖАРЫСЫ (1-бет).

М. Мейірбеков. — Егін жыйнау 15 жұмыс күні ішінде өткізіледі. (1-бет).

ЖЕМШӨП ДАҒЫНДАУ ЖОСПАРЫ КЕЗІНДЕ ОРЫНДАЛ-
СЫН: Н. Филиппов. — Жемшөп сүрлеу жолдары. Б. Жа-
қыпов. — Екі колхозда екі түрлі жағдай. В. Сниский. — Пі-
шеншілердің ұйымшылдығы. П. Воробьев. — Пиюнь Пленумы-
ның қаулысы жүзеге асырылуда (2-бет).

Б. Дәкенов. — Жергілікті материалдар құрылыс үшін өте пайдалы (2-бет).

М. Агальцев. — Бартоп пен овощь мол дайындалсын (2-бет).

ЖАҢА ЖЕРДЕГІ ЖАРҚЫН ӨМІР: И. Лизунов. — Совхоз орталығын мәдениетті селого айналырамыз. Б. Травкин. — Жаңа селоньң болашағы. Б. Новиков. — Өнерпаз жастар. А. Разинков. — Комсомолецтер — жарқын өмірді құрушылар. А. Курочкина. — Жаңа совхоздағы жаңа дәрігерлік орын (3-бет).

Бүкілқазақстандық жетінші спартакиада (4-бет). Шетел хабарлары (4-бет).

Совет Үкметінің Женева кеңесі туралы МӘЛІМДЕМЕСІ

Берлин кеңесінің қарарына сәйкес Корея мен Индо-Қытай мәселелерін қарау үшін шақырылған Сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесі 21 июльде өзінің жұмысын аяқтады.

Үш ай дерлік уақытқа созылған жұмыстың нәтижесінде келісімдерге қол қойылды, бұл келісімдер Вьетнамдағы, Лаостағы және Камбоджадағы соғыс қыймылдарын біржолата тоқтатады. Бұл келісімдер Вьетнамда, Лаоста және Камбоджада, бұл туралы Женевадағы кеңеске қатысушылар қабылдаған Қорытынды Декларацияда айтылғанындай, Индо-Қытайдың үш мемлекетінің тауелсіздігі мен суверенитетін, бірлігін және территориясының бүтіндігін сақтау негізінде бейбітшілікті қалпына келтіріп, нығайтумен байланысты маңызды міндеттерді шешуге бағытталған.

Индо-Қытайда атысты тоқтатуға байланысты Вьетнам, Лаос және Камбоджа халықтарының алдында бейбіт жағдайда экономика мен мәдениетті өркендету мүмкіндіктері анықталып отыр, бұл мүмкіндіктер, сонымен бірге, осы мемлекеттер мен Франция арасында да достық ынтымақты өркендетуге негіз қалайды.

Вьетнамның, Лаостың және Камбоджаның территориясында шетелдік мемлекеттердің соғыс базаларын құруға тыйым салу туралы Женева кеңесі қаулыларының, сонымен қатар, бұл мемлекеттердің соғыс одақтарына кірмейік және соғыс қыймылдарын қайта бастау үшін немесе агрессиялық саясатты жүзеге асыру мақсаттары үшін пайдаланылатын болмайық деген міндеттемелерінің аса зор маңызы болады.

Женева кеңесінің 1954 жылғы июльдің ішінде Вьетнамда еркін сайлау өткізу туралы қарары бүкіл вьетнам халқының ұлттық мүдделері мен ынтызар армандарына сәйкес Вьетнамды ұлттық жағынан біріктіруге жағдай туғызады. Демократиялық мемлекеттердің қажырлылықпен жұмсаған күш-жігері арқасында қабылданған бұл қаулы Вьетнамды бөлшектеуге, сөйтіп, Оңтүстік Вьетнамды Оңтүстік-Шығыс Азияда жобаланып жатқан жаңа агрессиялық блок тірекерінің біріне айналдыруға әрекеттенген агрессияшы күштердің жеңілісін көрсетеді.

Сонымен қатар, Камбоджа мен Лаоста 1955 жылдың ішінде, Қорытынды Декларацияда айтылғанындай, негізгі бостандықтарды сақтай отырып, дауысты жасырын беру жолымен жалпыға бірдей сайлау өткізу жөніндегі келісімнің де елеулі маңызы бар.

Францияның ұлттық мүдделеріне сәйкес және Индо-Қытай халықтарының мүдделерін еске ала отырып, қыймыл жасауға ұмтылған талаптан туған француз үкметінің дұрыс позициясының осыншалық маңызды қаулылар қабылдауы жеңілдеткенін атап айтуға болмайды.

Женевада қол қойылған келісімдерде кейбір ескертпелер бар екендігіне қарамастан, жоғарыда көрсетілген жағдайлардың өзіне байланысты, сонымен қатар, бұл кеңестің жұмысын ойдағыдай аяқтауға кедергі келтіруге тырысқан АҚШ өкілдерінің позициясы салдарынан туған бірқатар қыйыншылықтардың Женева кеңесінде жойылғандығына байланысты осы келісімдердің бүкіл маңыздылығын жете бағалауға болмайды. Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіруді қамтамасыз еткен бірлескен жұмысқа АҚШ-тың Франциямен, Англиямен, ССРО-мен, КХР-мен және басқа мемлекеттермен бірге қатысуы келмейді. Женева келісімдері бейбітшілік күштерінің маңызды жеңісі және соғыс күштерінің елеулі жеңілісі болып табылады. Мұнымен бірге, Женева келісімдері Индо-Қытай халықтарының ұлтзаттық күресінің және бұл күресте көрсеткен ұлы ерлігінің халықаралық көлемде танылғандығын айқын көрсетеді.

Женевадағы кеңестің мүдделі елдер арасында келісімдерге жетумен аяқталғандығы тиісті жақтар ізгі ниет білдірген күнде халықаралық келіссөздердің жемісті болатындығының жаңа айғағы, кәзіргі уақытта шешілмеген маңызды халықаралық мәселелерді осындай жолмен реттеуге болатындығының айғағы болды.

Совет Үкметі аса маңызды міндетті — Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына

Теміржолшылар күні қарсаңында Жаңа егіннің астығын тасуға әзірлік

Бүкілодақтық теміржолшылар күні жақындап келеді. Мерекенің құрметіне Петропавл жол торабында жүк тасудың жоспарын орындау және асыра орындау үшін социалистік жарыс кеңінен өрістей түсті.

Петропавл жол торабының жүк тасу қызметінің бастығы Махалов жолдас біздің тілшімізбен әңгімелескенде мынаны айтты:

— Петропавл жол торабының жүк тасу қызметкерлерінің алдында жауапты міндеттер тұр. Солтүстік Қазақстан облысының колхоздары мен совхоздарының құнарлы даласында механизаторлар мен колхозшылардың қажырлы еңбегімен салынған егін пісіп келеді. Кәзір барлық теміржолшылар бітік шыққан егіннің жаңа астығын ысырапсыз, деркезінде тасу үшін әзірлік жұмысына үлкен назар аударуда.

Быйыл өткен жылға қарағанда біздің жол торабы тасыйтын астықтың мөлшері әлде қайда артық. Тың және тыңайған жерлерге салынған астық біздің тасыйтын астығымыздың мөлшерін елеулі түрде көбейтіп отыр. Тасылатын астықтың мөлшері екі еседен асады. Мұндай көп астықты тасуға біз ерте күннен бастап әзір болуға міндеттіміз. Ол үшін жабық вагондар жасауды тездетудеміз. Онымен бірге, станция мен Тоқшын, Қарақоға, Мамлют және Петропавл элеваторларының жанындағы астық тиелетін және астық қотарылатын орындарды жөндедік. Астықты тиеу және оны түсіру жұмыстарында озат еңбек әдістерін қолдану ұйғарылды.

Тасымал қызметінің коллективі қолда бар мүмкіншіліктің барлығын пайдаланбақ. Ол үшін жүк тасушылар арнаулы өндірістік жыйналыста еңбек тәртібін қатаң сақтап, вагондар паркін дұрыс орналастыруға міндеттенді. Сөйтіп, кәзір Петропавл жол торабы бөлімшесінің барлық темір жол

ЕКІ ОБЛЫСТЫҢ ЖАРЫСЫ

Қостанайлықтармен социалистік жарыста озып шығайық!

★ КОЛХОЗДАР МЕН МТС-терде АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАРЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ КӨРСЕТКІШТЕР

(20 июльдегі мәлімет бойынша)

Жоспардың орындалу проценті

Солтүстік Қазақстан облысы	Тың және тыңайған жер	Қостанай облысы
93.3	жырту	78.4
48.6	Шөп шабу	44.5
21.1	Дайындалған пішен	22.4
56.0	Комбайн жөндеу	65.4

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи қаулысын жүзеге асыру негізінде колхоздар мен совхоздардың экономикасын нығайту, еңбекшілердің әл-ауқат, мәдени дәрежесін барған сайын жақсарту, егіншіліктің мәдениетін көтеріп, мал шаруашылығын өркендету жөнінде облысымыздың еңбекшілері Қостанай облысы еңбекшілерімен социалистік жарысқа түскен болатын. Екі облыстың еңбекшілерінде де социалистік жарыста қабылдаған міндеттемені орындауға күш-мүмкіншілік бірдей.

Көктемгі егіс жұмыстарының барысында Қостанай облысының еңбекшілері айтарлықтай табыстарға ие болды. Олар егіс жұмыстарын біздің облысқа қарағанда ұйымшылдықпен қысқа мерзімде өткізді. Көктемде 135 мың гектар орнына, 176 мың гектар тың көтеріп, оған тұтқымы септі. Мұнда азық-түлікті бағалы дақыл — жаздық бидай егісінің көлемі 1953 жылғыдан 121 мың гектар артты. Облыс еңбекшілері кәзіргі ауылшаруашылық жұмыстарының барысында да бірқатар көрсеткіштерге ие болып отыр.

Жекелеген колхоздар мен совхоздар, МТС-тер, трактор бригадалары мен мал фермалары келесі жылдың егісі үшін тың көтеру, жемшөп дайындау, мал шаруашылығын өркендету күресінде кәзірдің өзінде айтарлықтай табыстарға ие болуда. Сұлукөл қой совхозының Шилі мал фермасында кәзіргі уақытта 16 мың биязы жүнді қой өсірілуде. Бұл жоспардағыдан әлде қайда артық. Фермада мал шаруашылығының өнімдерін дайындау бұрынғымен салыстырғанда 4-5 есе артық. Тек өсімдідегі жылы ғана ферманың коллективі мемлекетке 455 мың килограмм биязы жүн тасырған. Тек осының өзіне ғана 225 мың бірінші сортты бостон костюмнің тігуге болады. Ферманың озат шопаңдары Бегалы Елеков, Сұллеймен Шалдыбаев жолдастар өздерінің үлгілі істерімен облыс еңбекшілерінің зор құрметіне бөленуде. Олар быйыл ар-

ранкөл, Красноармейск совхоздарында да жоспар екі есеге жуық орындалды.

Екі облыстың өзара социалистік жарысында қабылдаған міндеттемені мінез орындап шығу және ауылшаруашылық жұмыстарын кезінде атқару күресінде мұндай зор табысқа ие болып келе жатқан алдыңғы қатарлы шаруашылықтар біздің облыста да бар.

Мал шаруашылығын өркендетуде Мамлют, Тоқшын, Торангүл, Қыялы совхоздары жаңа табыстарға жетуде. Мамлют совхозында кәзірдің өзінде әрбір сауын сыйырдан 2 мың килограмнан астам сүт алынды. Совхоз коллективі үстіміздегі жылы әрбір сыйырдан орта есеппен 4 мың килограмнан сүт алу үшін күресуде. Коллектив мүшелерінің бұл міндетті сөзсіз орындап шығатындықтарына күмән жоқ. Торангүл совхозы егіншіліктің мәдениетін көтеру және мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру арқылы рентабельді шаруашылыққа айналды.

Совет астық совхозының коллективі өздерінің барлық мүмкіншіліктерін астық өндірісін шұғыл өркендету күресіне жұмылдырып келеді. Олар өткен жылы 16300 гектар дөңді дақылдардың әрбір гектарынан 13,2 центнерден өнім алса, быйыл егіннің әрбір гектарынан 100 пұттан өнім алуды ұйғарып отыр. Совхоз коллективі дөңді дақылдар егісінің көлемін өткен жылғыдан 35 процент ұлғайтты. Оның ішінде жаздық бидай егісінің көлемі 17577 гектарға жеткізілді.

Облысымыздың көптеген колхоздары да ауылшаруашылық жұмыстарын бір-біріне ұштастыра жүргізуде. Преснов ауданындағы Молотов атындағы, Мәден-

Кәзіргі ауылшаруашылық жұмыстарының негізгі бір саласы — жемшөп дайындау болып табылады. Алайда бұл жұмыс облыстың колхоздарында да, совхоздарында да баяу жүргізілуде. Пішен дайындауда әресе Конохов, Полудень, Соколов аудандарының колхоздары мейлінше артта қалды. Бұларда жемшөп дайындау жоспары 20 июльге дейін тонна есебімен 11,5—13,5 процент ғана орындалды. Мал шаруашылығының өркендей түсуі жемшөпті мол дайындауына байланысты. Сондықтан жемшөп дайындауда артта қалушылықты жою керек. Әрбір колхозда мал азығының берік базасын жасағанда ғана мал басын көбейтіп, өнімділігін арттыруға жетісуге болады.

Егін жыйнау маусымының басталуына санаулы ғана күндер қалды. Мұның өзі әрбір колхоз бен совхоздың және МТС-тің егін жыйнауға, астық дайындауға тыңғылықты әзірленуін талап етеді. Бірақ, бұл істе біз қостанайлықтардан артта қалып келеміз. Әресе, комбайндарды жөндеу облыс МТС-тері мен совхоздарында нашар жүргізіліп келеді. Бұл істе артта қалып келе жатқандардың бірі — Коновалов МТС-і. Мұнда комбайн жөндеуді тыңғылықты ұйымдастыруға, сөйтіп, бұл жөніндегі жоспарды осы уақытқа дейін орындап шығуға қажетті күш-мүмкіншіліктердің бәрі де бар. Бірақ, МТС басылары жайбарақаттыққа салынып, жөндеу жұмысын кезінде ұйымдастырмады. Мұның ақыры МТС-те осы уақытқа дейін 36 комбайнның жөндемеуіне әкеліп соғуда. Комбайндарды жөндеу совхоздарда да нашар.

Колхоздар мен совхоздарда мал басын көбейту, оның өнімділігін арттыру жөнінде де елеулі кемшіліктерге жол берілуде. Әлі күнге дейін көптеген колхоздар сауын сыйырларды қолда бағуға жетісе алмай келеді. Мұның өзі сыйырлардың құнарлығын арта түсуіне нұқсан келтіруде. Мал өсіну жоспары барлық жұмыс

бу шешүүдө Женевада көп жеткен табыстарды кутуқтанды. Бул міндеттешүү өз бостандығы мен улттық тәуелсіздігін қорғап отырған халықтардың мүдделеріне, сондай-ақ барлық бейбітшілік халықтардың мүдделеріне сай келеді.

Индия-Қытайдағы жағдайды бейбітшілікпен біржолата реттеу жөніндегі аса маңызды міндетпен қатар Кореядағы жағдайды бейбітшілікпен біржолата реттеу жөнінде де шұғыл міндет тұр.

Кореядағы атысты тоқтату ісінде бұдан бұрын да инициатива көрсеткен Совет Үкметі, сондай-ақ, ҚХР мен КХДР үкметтері, өз тарапынан, Женева кеңесінде корей мәселесі жөнінде ойдағыдай шешуге жетуге барлық күш-жігерін жұмсады. Бірақ, кейбір делегациялар тарапынан, көбінесе АҚШ делегациясы тарапынан кедергілер жасалуы салдарынан Женева кеңесінің бұл мәселе жөнінде жақсы нәтижелерге жетпегені жұртқа мәлім. Совет Үкметі Кореяны ұлттық жағынан біріктіру мүдделері үшін және Азия мен бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қамтамасыз ету мүдделері үшін корей мәселесінің неғұрлым тез шешілуін қамтамасыз ету өте қажет деп санайды.

Кәзіргі уақытта халықаралық қатынастарда халықаралық хауіпсіздікті нығайтуға, халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге және мемлекеттердің қоғамдық құрылысына қарамастан, олардың бейбітшілікпен қатар өмір сүруін қамтамасыз етуге бағытталған келіссөздер жүргізу, келісімдер жасасу жолымен шешуге болмайтындай даулы мәселелер жоқ деген Совет Үкметінің сенімін Женева кеңесінің нәтижелері дәлелден берді.

Женева кеңесі және оның жұмысының нәтижелері ұлы қытай халқының және оның мемлекеті —Қытай Халық Республикасының халықаралық даулы проблемаларды шешуде маңызды роль атқаратынын көрсетті. Қытай Халық Республикасының Женева кеңесінде атқарған ролі оның ұлы держава ретіндегі ықпалы мен халықаралық беделінің жаңа айтағы болды. Женева кеңесі, сонымен бірге, кейбір мемлекеттердің, ең алдымен АҚШ-тың агрессияшыл топтарының Қытай Халық Республикасын аса маңызды халықаралық проблемаларды реттеуге қатыстырмай тастауға тырысқан әрекеттерінің бейбітшілікті нығайту мүдделеріне мүлде қайшы келіп отырғандығын тағы да көрсетті.

Совет Үкметі былай деп санайды: Индия-Қытайда атысты тоқтату және бейбітшілікті қалпына келтіру туралы Женевада қол жеткен келісімдер, халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге көмектесе отырып, соның нәтижесінде Азияға ғана емес, тіпті Еуропаға да қатысы бар әлі шешілмеген басқа да маңызды халықаралық мәселелерді, ең алдымен, жанталаса қарулануды тоқтату және атом қаруына тыйым салу, Еуропада коллективтік хауіпсіздікті қамтамасыз ету және бейбітшілік, демократиялық негізде герман проблемасын реттеу сыяқты мәселелерді реттеуге қолайлы жағдай тудырады.

Совет Үкметі былай деп мәлімдейді: ол, өзінің бейбітшіл саясатын бұлжытпай жүргізе отырып, бұл мәселелерді ойдағыдай шешу мақсатымен өзінің күш-жігерін бұдан былай да барынша табандылықпен және батыл жұмыс істей беріп, мұның езі халықаралық шиеленісті бәсеңдету, бейбітшілік пен халықаралық ынтымақты нығайту жолындағы аса маңызды қадам болар еді, бұған күмән жоқ.

(СОТА).

Еліміздің егін даласында

СТАВРОПОЛЬ. Өлкенің барлық 20 астық совхозы күздік егісті жыйнауға жаппай кірісті. Олар кәзіргі өзінде комбайнмен 50 мың гектардан аса күздік бидай және арпа жыйнады. Агротехниканың дәрежесінің арттырылуына байланысты астықтың түсімі өткен жылдан едәуір жоғары болды. Масақты дақылдар егісінің көлемі 8 мың гектарға жуық болған Каменноброд астық совхозында бийыл мол астық алынды. Бұл шаруашылықтың комбайншылары орта есеппен әрбір гектардан 20 центнерден астық бастыруда. Парға себілген бидайдың гектарынан 28 центнерден өнім алынды.

Егін жыйнау қарқынын үдете түсумен қатар алдыңғы қатарлы совхоздар астық тапсыру қарқынын арттыруда, сүрленген шөп дайындауды ұйымшылдықпен жүргізіп, біржылдық шөптерді пабуда және басқа жұмыстарды ұштастыра жүргізуде.

АСТРАХАН-БАЗАР. (Азербайжан ССР). Республикадағы ең ірі Астрахан-Базар астықты ауданында жүзге жуық комбайн күздік бидай жыйнауда. Егін оруды қысқа мерзімде өткізу және астықты көп бастыру жолындағы жарысқа ұштаса отырып, Астрахан-Базар МТС-нің механизаторлары бүгін өткен жылдан бір ай бұрын жоспарланған 15 мың гектарлық алаңда егін жыйнауды аяқтады. Орта есеппен 16 центнерден астық бастырылды.

Механизаторлар комбайндардың топтасып жұмыс істеу әдісін кеңінен қолданып, сағаттық графикке қалтқысыз сүйеніп отырды.

КУРГАН. Курган облысының машина-трактор станциялары тың және тыңайған жерлерді көтеру жұмысын оған әрі жүргізіп отырып, парға күтім жасауды жақсартта түсті. Механизаторлар жыртудан кейін түрлендермен жаппай дискелеп, ол жерлерді екінші рет тырмалауда. Бұл жұмыстар негізінен түнгі уақытта жүргізіледі.

Колхоздың пардан жоғары өнім алып келгендігі тәжірибеден белгілі. Әдетте жауын жауғаннан кейін механизаторлар топырақты қосытып, аныздарға арашпөп шығуына жол бермейді.

Облыс МТС-тері келесі егінге қамқорлық жасай отырып, 180 мың гектар парды өткен жылғы осы мерзімдерден артық жыртты.

16 июль. (СОТА).

Станциялары жаңа астық қабылдауға даяр.

Жастар бригадаларында

Петропавл жол бөлімшесінде комсомол-жастардан құрылған 10 бригада, колонна және смена-лар жұмыс істейді. Жол торабының комсомолдері комсомолдың XII съезінің қаулысын орындай отырып және темір жол транспорты қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесі қабылдаған үндеуге жауап ретінде жоғары өндірістік көрсеткіштеріне жетісу үшін социалистік жарысты өрістетте түсті.

Бүкілодақтық теміржолшылар күні құрметіндегі жарыста Шманов жолдас басқарған механика цехінің бригадасы бірінші орынға шықты. Мұнда еңбек өнімділігі 300 процентке дейін көтерілді.

Жарыста бірінші орын алу үшін күрес локомотивтерді көтеріп жөндеу цехында қыза түсті. Цех коллективі теміржолшылар күніне дейін жоспардан тыс ең кем дегенде екі паровозды жөндеуден шығаруға міндеттеме алды. Бұл күндерде Мионов және Корниенко жолдастар басқарған комсомол-жастар бригадасы қажырлылықпен еңбектенуде. Паровоздарды жөндеу жұмысында еңбек өнімділігін арттырудың тамаша үлгілерін слесарьлар Шобан, Ковтун және Крутилин жолдастар көрсетуде.

Теміржолшылар күні қарсаңында вагондарды күрделі жөндеу цехінің коллективі жақсы істеуде. Үнемделген материалдан вагоншылар жоспардан тыс төрт вагонды күрделі жөндеуден өткізді.

Нұсқаушы-машинист Лесков жолдас басқарған комсомол-жастар колоннасы да жоғары көрсеткіштерге ие болуда. Бұл колоннада жас коммунист Севостьянов, комсомолдер Монин және Лапин жолдастар жоспардан тыс мыңдаған тонна жүктер тасыды.

Петропавл жол торабының комсомолдері теміржолшылардың Бүкілодақтық күніне өндірістік лайықты тартулар әзірлеуде.

ҚЫРМАНДАРДЫ МЕХАНИКАЛАНДЫРУ

Совет МТС-нің қамтуындағы колхоздар егін орағына әзірлік жұмыстарын қызу қарқынмен жүргізуде. Олар жаңадан жабық қырман-дар салып, ондағы еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыруға кірісті.

Ленин атындағы колхозда орталық қырман механикаландырылады. Колхоз басқармасы бұл үшін арнаулы жылжымалы электростанция сатып алды. Орталық қырман-ды механикаландыру тәулік сайын 1000 центнер астық тазалауға мүмкіндік береді. «Борьба за коммунизм» колхозында да астық қырман-дарын механикаландыру ойдағыдай жүргізілуде. МТС мамандары қырман-дарды механикаландыруда колхоздарға үнемі көмектесіп отырады.

Бір жүз сауықтан 113-114 қозы өсіріп, әрбір қойдан 4,1—4,2 килограмнан жүн алған.

Қостанай облысының механизаторлары мен колхозшы, шаруаларының тың және тыңайған жерлерді көтеруде де бірқатар жұмыстар істеп жатқандығын айта кету керек. Бұл облыстың колхоздары келесі жылдың егісі үшін 865 мың гектар тың және тыңайған жер көтерді. Бұл біздің облыстың колхоздары көтеретін тыңиз екіжарым есе артық. Көптеген трактор бригадалары тың көтеруде трактор қуатын өнімді пайдаланып, еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп келеді. Ұзынкөл ауданындағы Чанав атындағы колхозда жұмыс істейтін комсомолец Бровченконың бригадасы 2 мың гектардан астам тың көтеріп, оларды агротехникалық ережелерге сай жұмыстаған. Бұл бригаданың мүшелері көктемде 650 гектар тың және тыңайған жер жырттып, оған жаздық бидай және тары егістерін еккен болатын.

Тың және тыңайған жерлерді жырту, әсіресе, Қостанай облысының совхоздарында ұйымшылдықпен жүргізілуде. Кәзіргі өзінде 14 совхоз тың көтеру жоспарын артығымен орындады. Жетіқара совхозында тың көтеру жоспары 211 процент орындалған. Осы сыяқты Қай-

Егін жыйнау 15 жұмыс күні ішінде өткізіледі

Біздің совхозда егін көлемі өткен жылдан едәуір ұлғайтылды. Әсіресе, дәнді дақылдардың көлемі арттырылды. Егіннің өнімі-өсуі жақсы. Бұл күндері коллектив мүшелері егінді ысыраусыз әрі қысқа мерзімде жыйнап алудың бірқатар шараларын белгілеп, оны жүзеге асыруда. Совхоздың барлық фермалары бұл маусымды жұмысқа тыңғылықты әзірленуде.

Алдымен комбайндарды жөндеу ісіне айырықша көңіл бөлінді. Барлық комбайншылар және олардың көмекшілері жөндеу жұмыстарына қатыстырылып, олар комбайндарға қажетті қосалқы бөлшектермен қамтамасыз етілді. Осының нәтижесінде совхозда комбайн жөндеу жоспары бұл уақытқа дейін толық аяқталды.

Совхоз комбайншылары егін жыйнау-да күнделік норманы артығымен орындау, жұмыс уақытын өнімді пайдалану жөніндегі Ставрополь өлкесі, Петров МТС-і комбайншыларының бастамасын қызу қолдап, өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алды. Олар комбайндардың тәулігінде 22 сағат тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, күнделік жұмыс тапсырманы 1,5 есе орындауға, совхоз бойынша егін жыйнауды 15 жұмыс күні ішінде аяқтауға серт беріп отыр.

Барлық комбайндар маман кадрлармен толықтырылды. Комбайн агрегаттарында жұмыс істейтін адамдар іріктеліп алынды. Агрегат бастықтары өздерінің жұмыс істейтін учасоктерімен танысып, егін жыйнауды қай уақытта бастайтындықтарын алдын-ала жоспарлады.

Бастырылған астықты дереу тазартып, оны қабылдау пункттеріне жөнелту үшін бірқатар шаралар белгіленді. № 1 және № 3 фермалардың астық қырман-дарында-

нындағы «Путь Ленина», Полудень ауданындағы «Прогресс» және басқа бірнеше колхоздар егін көлемін тың және тыңайған жерлер есебінен ұлғайту, мал шаруашылығын өркендету ісінде айтарлықтай табыстарға ие болуда. Бірқатар МТС-тердің коллективтері ауылшаруашылық жұмыстарын атқаруда колхоздарға іс жүзінде көмек көрсетуде. Бұл жөнінде мысалға Суворов атындағы, Совет МТС-терін алуға болады. Бұлар егін жұмыстарын атқаруда алда болса, тың көтеруде де жаңа табыстарға жетті.

Алайда, облысымызды тұтас алғанда ауылшаруашылық жұмыстарының барысы және қостанайлықтармен жарыста қабылдаған міндеттемені орындалуы қанағаттанғысыз. Тың көтеруде бірқатар жаңа совхоздар артта қалды. Бұларда жүз мың гектардан астам тың жоспардағыдан кем игерілді. Совхоздардың бастылары тракторлардың қуатын тәулік бойы тоқтаусыз пайдалануға жетісе алмай келеді. Ал, совхоздар тресінің бастылары бұл совхоздарға нақтылы көмек көрсетпейді. Осы сыяқты тың көтеру қарқыны Майбалық, Баян, Коновалов МТС-терінде де нашар. Бұларда күн сайын техникалық жарамсыздықтан 10-15 трактор босқа қарап тұрады.

Егін жоқ. Әсіресе, сыйыр малын көбейту қанағаттанғысыз. Ал, колхоз, аудан бастылары мал басын көбейтудің нақтылы шараларын жүзеге асыра алмай-ақ келеді.

Облысымыздың барлық шаруашылықтарында социалистік жарыста қабылдаған міндеттемені орындап шығуға қажетті жағдайлардың барлығы да бар. Міндет — сол мүмкіншіліктерді дұрыс пайдалануды ұйымдастыруда. Сондықтан жергілікті партия, совет ұйымдары еңбекшілер арасында партиялық-саяси жұмысты кеңінен өрістеті, ауыл шаруашылығының алдыңғы қатарлылардың іс тәжірибелерін көпшілік игілігіне айналдыру арқылы облыс еңбекшілерін социалистік жарыста қабылдаған міндеттемені мінсіз орындап шығуға жұмылдырулары керек. Ал, партия, совет және ауылшаруашылық органдарының бастылары істегі кемшіліктерді дереу жойып отыруға, артта қалған шаруашылықтарға қолма-қол, іс жүзінде көмек көрсетіп отыруға міндетті. Сонда ғана ауылшаруашылық жұмыстарының ойдағыдай жүргізілуіне, социалистік жарыста қабылдаған міндеттеменің мінсіз орындалуына жетісуге болады.

Отамалы дақылдардан мол өнім аламыз

«Щит» колхозының колхозшылары және осы МТС-ті қамтыттын МТС механизаторлары бийылғы көктемде отамалы дақылдар өту ісіне жете маңыз беріп, бірқатар жұмыстар істеді. Колхозда 120 гектар күнбағыс және жүгері егістері егілді. Бұл дақылдар шаршы-ұялап отырзылды. Сол сыяқты, овощтардың көлемі де өткен жылдан едәуір ұлғайтылды.

Бұл күндері колхозшы шаруалар отамалы дақылдарды баптап, күтуді үлгілі жүргізуде. Күнбағыс пен жүгерінің қатар-аралықтарына баптау жұмысы механика күшімен атқарылады. Бұл іске трактор культиваторлары кеңінен пайдаланылуда.

Кәзіргі өзінде механизаторлар күнбағыс пен жүгеріні ұзын және көлденең бойымен екі рет баптады, егін арашпөптерден тазартылды, овощтарды күту және суару да тыңғылықты жүргізілуде. Бұл істе колхозшы әйелдерден ұйымдастырылған огород звеноларының мүшелері қажырлы еңбек етуде.

СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумының қаулысы бұл колхоздың колхозшылары арасында зор еңбек өрлеуін туғызды. Олар отамалы дақылдарды агротехникалық ережелерге сәйкес баптап, күту арқылы одан мол өнім алмақ. Сөйтін, Пленум қаулысының мінсіз жүзеге асырылуына келесі үлес қоспақ.

Л. ГЛУЩЕНКО,

Октябрь ауданы, Ворошилов атындағы МТС-тің агрономы.

М. МЕЙІРБЕКОВ,
Тоқшын совхозының директоры.

Жемшөп дайындау жоспары кезінде орындалсын

Жемшөп сүрлеу жолдары

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи қаулысында колхоздар мен совхоздарда қоғамдық мал шаруашылығының өркендеуі мал азығының берік базасының жасалуына тікелей байланысты екендігі атап көрсетілді. Бұл міндетті мінсіз жүзеге асыру үшін жемшөп сүрлеуді ойдарыдай жүргізудің зор маңызы бар. Үстіміздегі жылы облыстың колхоздарында әрбір сыйырға орта есеппен 5—6 тонна мал азығын сүрлеу жоспарланып отыр.



Сүрленген мал азығы — құнарлы азықтардың бірінен саналады. Онда малдың қондылығы арта түсуіне, оның өнімнің мол болуына қажетті витаминдер көп болады. Облысымыздың алдыңғы қатарлы шаруашылықтары мен мал өсірудің озаттары егер сауын сыйырлар жазда көк шөппен, қыста сүрленген азықтармен азықтандырылса, онда олардың әрқайсысынан жылына 3 мың килограмм сүт алуға болатындығын өздерінің іс тәжірибелерінен айқын көріп отыр. Мұндай көрсеткіштерге жету үшін шөп сүрлеуді кезінде және сапалы жүргізу керек. Жақсы сүрленген азықтарда 1,2—1,5 процент сүт қышқылы болуы керек. Ал, май қышқылы болуы қажет емес.

Мал азығын сүрлейтін шұңқырлар мына тәртіппен қазылуы керек. Шұңқырдың тереңдігі 3,5 метр, жоғары жағының ені 3 метр, төменгі жағының ені 2,3 метр, ұзындығы 15 метр болуы керек. Цилиндрлі шұңқырдың тереңдігі 3,5 метр ал, жоғары және төменгі жағының аумағы 3 метр болуы қажет. Мұндай шұңқырларға 12—75 тоннадан мал азығын сүрлеуге болады.

Мал азығын сүрлейтін шұңқырлардың ішін тегістеуге тақтайды, тасты, кірпішті, цементті пайдалануға болады. Егер бұған мүмкіншілік болмаған жағдайда шұңқырдың қабырғаларын қалың етіп сылау керек.

Мал азығын сүрлеуге табиғи шөптерді көбінен пайдалану қажет. Бұған жуасан мен қамысты пайдаланған жөн. Бірақ, бұларды сүрлеген уақытта оған табиғи шөпті араластыру керек.

Облысымыздың көп колхоздары былай мал азығы үшін күнбағыстан басқа жүгері егісін екті. Жүгеріні сүрлеуге көбінен пайдалану керек. Жүгері мол өнімді дақыл, әрі құнарлы азық. Бұл уақытта дейін жүгеріні егін келген кейбір шаруашылықтар бұл дақыл — құнарлы мал азығы екендігін өздерінің іс тәжірибелерінен айқын көріп те келеді. Мәселен, Чистов совхозының коллективі өткен жылы 100 гектар жүгері егін, оның әрбір гектарынан 120 центнер мал азығындық өнім алды. Коллектив мүшелері бұл азықты сүрлеп, оны қысқы уақытта сауын сыйырларға беруді ұйымдастырды. Осының нәтижесінде совхозда сыйырлар-



СУРЕТТЕ: Соколов ауданындағы Пушкин атындағы (сол жақта) және Сталин атындағы (оң жақта) колхоздарда механикаландырылған әдіспен шөп маялау.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Екі колхозда екі түрлі жағдай

Көнөхов ауданындағы Куйбышев атындағы және «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздары өзара социалистік жарысқа түскен болатын. Олар жарыс шартында колхоздың экономикасын оған әрі нығайтуға, колхозшылардың әл-ауқат, мәдени дәрежесін барған сайын арттыра беруге бағытталған міндеттемелер қабылдаған-ды. Егіншілік пен мал шаруашылығын өркендетудің жолдарын көрсетіп, оларды бұлжытпай орындауға серттескен-ді.

Бұл екі колхоз да іріленген шаруашылық. Жер байлығы да, мүмкіншілік те екі колхозда бірдей. Солай бола тұрса да, ауыл шаруашылығы жұмыстарының барысы екі түрлі болып отыр.

Куйбышев атындағы колхоздың басшылары колхозшыларды алған міндеттемелерін орындау жолындағы күреске жұмылдыра білген. Барлық мүмкіншіліктер колхоз экономикасын нығайтуға, колхозшылардың мәдени тұрмыс дәрежесін жақсартуға пайдаланылып келеді. Мал фермаларындағы кадрлар тұрақтандырылып, олардың өнімді еңбек етуіне қажетті жағдайлар жасалған.

Бұл колхозда мал өсіру жоспарын орындауға мүмкіншіліктің барлығын жогарыда атап айттық. Алайда, колхоз басшылары мал басын аман сақтау, төл алу жұмыстарына немқұрайды қарады. Малшылардың өнімді еңбек етуіне барлық жағдай туғызылмады. Соның салдарынан ірі малдан және төлден едәуір шығын болды.

Аталған екі колхозда стандартты мал қораларын салу жоспарланған. Бұл жұмыстар қар кетісімен басталуға тиісті еді. Куйбышев атындағы колхозда жоспарлы құрылыс жүргізіліп жатыр. Көл еңбегін механикаландыруға бейімделген 130 бастық стандартты сыйыр қора салынып болды. Жылжымалы электр станциясы орнатылды. Аспалы жол, автоматты суарғыш, сыйыр сауатын агрегат орнатылмақ. Стандартты төл үйінің құрылыс жұмысы аяқталуға жуық. Бұдан бөлек да сыйыр қорасы мен төл үйі салынуы жоспарланған еді, оның құрылыс жұмысы кең өріс алуға.

Ал, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозын алсақ, мұнда құрылыс жұмысы басталған да жоқ. Бұл колхоздың басшылары қысқы маусымда кездескен қыйын-

Пішеншілердің ұйымшылдығы

Мал басын көбейту, оның өнімділігін арттыру мақсатымен Преснов ауданындағы «Организованный труд» колхозының колхозшылары жемшөп дайындауды асқын ұйымшылдықпен жүргізуде. Бұл жөнінде колхозшыларға МТС механизаторлары іс жүзінде көмек көрсетуде. Колхозда МТС-тің үш өздігінен жүретін және төрт кең-алымды шөп машиналарының агрегаты шөп шабуға үздіксіз жұмыс істейді.

Шөп шабуғағы механизаторлар өзара социалистік жарысқа түсіп, маусымда өздігінен жүретін әрбір шөп машинасымен 1500 гектар, кеңалымды шөп машинасының агрегатымен 1000 гектар жердің пішенін шабуға міндеттенген болатын. Бұл күндері олар алған міндеттемелерін аброймен орындап шығу үшін еңбек өнімділігін күн санап арттыруда.

Колхозда шөп шабумен бірге, шабылған шөпті жыйнау, шөмелелеу және майлау жұмыстары бір-бірімен ұштастырыла жүргізіліп келеді. Бұл жұмыстағы колхозшылар күнделік жұмыс нормаларын артығымен орындау үшін және шөп шабу мен майлаудың аресында алшақтыққа жол бермеу үшін күресуде.

Шөп шабушы механизаторлардың ара-

Картоп пен овощь мол дайындалсын

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының және партия мен үкметтің оған кейінгі қарарларына сәйкес біздің елімізде ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетудің және өнеркәсіп пен азық-түлік товарларын көптеп өндірудің орасан зор программасы жүзеге асырылуда. Соның ішінде қала мен ауыл-село еңбекшілерін овощь, картоп және оғорөд дақылдары өнімдерімен қамтамасыз ету ісінің ерекше маңызы бар.

Еңбекшілер дүкендерде, базарларда жыл бойына картоп пен овощьтың үздіксіз сатылып тұруын талап етеді. Олай болса, ең алдымен сауда орындары еңбекшілердің бұл заңды тілектерін толық қанағаттандыруға міндетті.

Осыған қарамастан, қаладағы бірқатар сауда орындарының басшылары өткен жылы картоп пен овощь дайындауға жете көңіл бөлмеді. Асханалар мен ресторандар тресі дайындаған картоп үстіміздегі жылдың июнь айына, ал, қапуста март айына ғана дейін жетті. Міне, осының өзі картоп пен овощь дайындауға трест басшыларының жауапсыз қарағанын көрсетеді. Көпшілік тамақтанатын орындардың көпшілігінде картоп пен овощьтан жасалатын тағамдар болмай қалып жүр.

Өткен жылы сауда орындары арқылы сатылатын картоп пен овощьтарды дайындау ісі мұнан да нашар жүргізілді. Қала халқына 267 тонна картоп, 141 тонна овощь, соның ішінде 17 тонна помидор, 16 тонна қыяр ғана сатылды. Ал, кептірілген жемістермен қала еңбекшілерін қамтамасыз ету ісіне келетін болсақ, оларды қала тұтынушылары жыл бойына көрген де емес. Ал, қалалық аралас сауда бөлімі картоп даярлаудың жоспарын 78 процент, қапуста даярлаудың жоспарын 44 процент, помидор—28 процент, қыяр—46, сарымсақ—48, қант қызылшасын даярлау жоспарын 7-ак процент орындаған болатын.

Сауда қызметкерлері тұтынушылардың талаптарын қанағаттандыру қамын үнемі ойластырып отыруға тиіс. Ал, біздің көптеген сауда орындарында — овощь дайындауға маусымдық іс деп қарау сияқты теріс пікір қалыптасқан. Еңбекшілерді овощьпен қамтамасыз ету ісіндегі мұндай немқұрайдылықты жоятын уақыт жетті.

Үстіміздегі жылы өткен жылдарға қарағанда овощьтарды екі есе артық дайындауға тура келеді. Осыған қарамастан

овощь өнімдерін сақтайтын орындар біздің бірталай сауда орындарымызда осы күнге дейін әзірленбеген. Мәселен, асханалар мен ресторандар тресінде овощь сақтайтын қойманың кеңдік мөлшері трестке керекті овощьтардың 60—70 проценті сыярылықтай ғана. Оның үстіне асханалар мен ресторандар тресінің директоры Лопатков және қалалық аралас сауда бөлімінің директоры Канцеров жолдастар овощь сақтайтын қолда бар қоймаларды жөндеу және жаңадан қойма салу мәселесін шешуге әлі кіріспей отыр.

Сауда орындары облысымыздың колхоздарымен үнемі тығыз байланыста болуға тиіс. Егер сауда орындарының басшылары облыс колхоздарымен байланысты жолға қойса, еңбекшілердің овощь жөніндегі қажеттерін мінсіз өтеуге болады. Олай болса, сауда ұйымдары көзінде бастап овощьтарды сатып алуға колхоздармен шарт жасауға міндетті.

Овощьтар мен басқа азық-түлік товарларының саудасын кеңінен өрістету ісінде рыноктар басқармасы зор роль атқаруға тиіс. Қаладағы колхоз саудасы қала халқын ет, май, картоп және басқа ауыл шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз етудің қосымша қайнар көзі болуға тиіс. Алайда, рыноктар бүгінгі талаптардың дәрежесінде болмай отыр. Рыноктар басқармасының басшылары, әсіресе, оның директоры Гурский жолдас ауыл шаруашылығы өнімдерін сату жоспарын үнемі орындамай келеді. Мәселен, үстіміздегі жылдың бірінші жартысында картоп сату жоспары 8,2 процент, ал, овощьтар сату — 2-ак процент орындалды. Өйткені, рыноктар басқармасының басшылары колхоздармен азық-түлік товарларын қалаға жеткізу жөнінде жасасқан шарттың орындалуына бақылау жасамады. Оның үстіне рыноктар басқармасының жұмысына қалалық сауда бөлімі тарапынан көмек және басшылық нашар.

Еңбекшілерді картоп және овощьпен қамтамасыз ету ісіндегі мұндай кемшіліктерге мұнан былай төзуге болмайды. Сондықтан қала еңбекшілері үшін ауыл шаруашылығы өнімдерінің мол дайындалып, үздіксіз сатылуына қажетті шаралардың бәрін қолдану қажет. Бұл ең алдымен сауда ұйымдарының міндеті.

М. АГАЛЬЦЕВ.

ҚКП қалалық комитетінің жоспарлау-финанс-сауда бөлімінің меңгерушісі.

Жергілікті материалдар құрылыс үшін өте пайдалы

Жаңадан құрылған астық совхоздарының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері астық өндіруге тың және тыңайған жерлерді көптеп игерумен бірге, совхоздың орталық усадьбасын көршіті селого айналыру мақсатымен құрылыс жұмыстарын қызу қарқынмен жүргізуде. Үстіміздегі жылдың көктемінде материалдардың таусуына жол бермеу үшін

материалдарын тасуға көлік аз бөлінген. Міне, мұның бәрі жергілікті материалдан жана құрылыстар салу ісіне бөгет болып отыр.

Совхоз басшылары жаңа құрылыстарды балшықтан құйып салудың жұмысты едәуір тездететінін және арзанға түсетінін жақсы біледі. Бірақ, бұл әдісті өндіріске көбінен енгізу жөніндегі құрылысшылар-

мал азығын сүрлеу зоотехникалық мәдәригерлік ережелерге сәйкес жүргізілуге тиіс. Сүрленетін азық 70—75 процент дымқылдылықта болады. Сол сыяқты сүрленетін азықтар шұңқырларға салынарда ұнтақталынады. Мал азығын сүрлейтін шұңқырлар бір күнде толтырылып жабылады. Сүрленген азықтың сапасы жақсы болуы үшін шұңқырларға салынған азықты тығыздауды тығыздықты жүргізу керек. Тығыздалған азықтан шұңқырда ауа аз болады. Сөйтіп, жемшөптің жақсы сүрленуіне мүмкіндік туады. Әресе, шұңқырлардың қабырғаларын тығыздауға жете назар аудару қажет.

Жемшөп толтырылған шұңқырларды жабуға да жете көңіл бөленген жөн. Мұның өзі екі қабат болып жабылады. Бірінші рет қалыңдығы 10—15 сантиметр етіп балшықпен сыланады. Бұл шұңқырға ауа баруына жол бермейді. Балшықтың жарылып кетпеуі үшін оған шөп араластырып сыланады жөн. Екінші қабаты 30 сантиметр және одан да артық қалыңдықта уақ топырақпен жабылады.

Мал азығын сүрлеуді ұйымшылдықпен жүргізу колхоздар мен совхоздардың және МТС басшыларының, ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің негізгі міндеттерінің бірі.

Н. ФИЛИППОВ,

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы зоотехникалық басқармасының бастығы.

сөйтіп, малды төл есебінен өсіру жөнінде бірқатар шаралар белгіленіп, ол мінсіз жүзеге асырылуда. Бұл өзінің игі нәтижесін беріп те отыр. Колхоз кәзірдің өзінде мал өсіру жоспарын негізгі үш түлкітен орындап шықты. Мал өсіру жоспары қарамадан 105 процент, шошқадан — 110, қойдан — 102 процент орындалды. Колхозда сауын сыйырлар саны 245-ке жетуге тиіс болса, кәзір қолда бары 251 бас. Фермада 2 мыңнан астам күе бар.

Колхоз мемлекетке сүт тапсырудың бірінші жартыжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындап, артық сүтті мемлекеттік сатып алу орындарына тапсырды. Оған бір автомобиль алмақ. Әрбір сауын сыйырдан 900 литрге жуық сүт алынған. Колхоз сауыншылары әрбір сауын сыйырдан жыл бойы 1800 литрден сүт алу үшін күресуде.

Күйбышев атындағы колхозбен социалистік жарысқа түскен «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында жағдай бұдан мүлдем басқаша. Мүмкіншілік бір болғанмен жұмыстың өзгеше болуының басты себебі—колхоз басшыларының (председателі Меньков, партия ұйымының секретары Ситников жолдастар) жұмысты ұйымдастыра білмеуінен деп айып айту керек. Мал өсіру жоспары әлі күнге бір де түліктен орындалған жоқ.

те-бір стандартты мал қорасының жеті-тығы оларды қынжылтар емес. Ескі қоралардың өзі де жеткіліксіз. Жыл басында бірнеше мал қорасын саламыз деп жоспарлаған болса, кәзір мұның бірі де салынбаған.

Бұл колхозда пішен шабу жұмысы да назар жүргізіліп келеді. Машиналардың тоқтап тұрушылығы жиі кездеседі. Бүгін Чистяк МТС-нің басшылары да кінәлі. Олар колхоздардағы өздігінен жүретін және тракторларға тіркелетін кеңалымды шөп машиналарының тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етпей келеді. Ал, колхоз басшылары көлік шөп машиналарын жұмысқа пайдаланбайды. Шөп шабу мен маялаудың арасында алшақтық көп. «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының басшылары ауылшаруашылық жұмыстарын атқарудағы өздерінің көрнілестерінің іс-тәжірибелерін кеңінен қолдануға, сөйтіп, социалистік жарыста қатысқан міндеттемені орындауға колхозшы бұқараны жұмылдыра білуге міндетті.

Б. ЖАҚЫПОВ,

(Өз тілшіміз).

пінасының машинашысы комсомолда Петрушко жолдас жоғары көрсеткішпен болуда. Ол күн сайын 35—40 гектар жердің пішенін шауып, тапсырмасын үнемі артығымен орындайды. Осы сыяқты «Машинаштар» Шнейдин, Сухина, Крапова, Чабан жолдастар да игі нәтижелерге ие болып жүр.

Шөп маялауда жұмыс істеп жүрген колхозшылар да қажырлы еңбек етуде. Әресе, Степаненко жолдасының басқаруындағы звеноның мүшелері ерекше көзге түсуде. Бұл звенодағы 6 адам күн сайын 10—12 мая шөп үйіп, күнделік тапсырмаларын 150 проценттен орындап отырады.

Колхозшылар дайындалған мал азығын қоралар қасына тасу ісін де үлгілі ұйымдастырған. Мал азығын қоралар қасына тасуда екі жүк машинасы жұмыс істеп жүр. Олармен күніне 200 центнерге дейін мал азығы тасылады. Бұдан басқа дайындалған шөпті қоралар қасына тасуда он көлік арбасы жұмыс істейді.

Бұл колхоздың колхозшылары СОКП Орталық Комитеті шөп Пленумының қаулысын зор қуанышпен қарсы алып, оны орындауға өздерінің бар күш-мүмкіншіліктерін жұмылдырды. Олардың жемшөп дайындау қарқынын күннен күнге өрістетіп, қорамдық малды қунарлы азықпен қамтамасыз ететіндіктері сөзсіз.

В. СНИБСКИЙ.

Июнь Пленумының қаулысы жүзеге асырылуда

Біздің колхозда Соколов МТС-нің № 4 және № 5 трактор бригадаларының механизаторлары жұмыс істейді. Колхозшылар МТС механизаторларымен тығыз ынтымақтаса отырып, былай көктемгі егіс жұмыстарын мерзімінде, жоғары сапада өткізді. Белесі жылдың егістері үшін 1650 гектар пар жырттып, бұл жөніндегі жоспарды 126,9 процент орындады.

Кәзір колхозда егінді, парды күту, пішен жыйнау, зыб жырту, егін жыйнауға әзірлік, мал қораларын жөндеу және жаңадан қора салу жұмыстары қат-қабат жүргізіліп келеді. Колхоз басқармасы үшін мүмкіншіліктерді жұмыстың осы салаларына барынша тиімді пайдалана отырып, оларды бір-бірімен ұнтастыра жүргізуді көздеп отыр.

Бізде парды күту жұмысы негізінен трактор қуатымен жүргізілуде. Кәзір жырттылған пардың 50 проценті сапалы өңделді. Сонымен бірге, зыб жырту жұмысын колхозымыз ауданда бірінші болып бастады. Парды өңдеу, зыб жырту жұмысында жүрген тракторларды қамтытын колхозшылар өздеріне тапсырылған істі ұқыптылықпен атқарып, бұл жұмыстарға техника қуатын өнімді пайдалану ісіне едәуір үлес қосуда.

Көктемгі егіс жұмыстарының сапалы жүргізілуіне байланысты дәнді дақылдар егісінің көпшілігі арам шөптерден таза өсіп, жетіліп келеді. Мұның өзі егінді күту жұмысын едәуір жеңілдетті. Колхозшылар негізгі күшім отамалы дақылдар егісін күтіп-баптауға жұмылдыруға мүмкіндік алды. Картон пен оғаш дақылдары-

ның қатараралықтарын баптауда қамтуын да 50 колхозшы бар 5 звено жұмыс істейді. Олар кәзір 33 гектар картон, 14 гектар оғаш дақылдары егістерінің қатараралықтарын өңдейді. Шарпы-ұялап отырғызылған 23 гектар картоптың қатараралықтары ұзын бойына және шөлденеңнен техника күшімен өңделді. Картон пен оғаш дақылдары егін өңдеуді, әресе, С. Кормин, С. Яроманко, Т. Беспятова жолдастар басқаратын звено мүшелері үлгілі жүргізіп келеді.

Колхозшылар пішен дайындау жұмысында да өнімді еңбек етіп жүр. Көлікке жеткілетін шөп машинасының машинашысы Некрасов, Беспятов, Лукьян, тырнауышпен шөп жыйнауға Лабров жолдастар күнделік тапсырмаларын үнемі асыра орындайды. Машинамен шабуға болмайтын шабындықтардың пішенін шабуға 35 адамнан қол шалғышылар тобы ұйымдастырылды. Олардың әрқайсысы күн сайын 0,5 гектар жердің шөбін шауып, тапсырмаларын толық орындайды. Колхозда қол шалғышпен шабуды керек ететін шөбі пүйгін шабындықтар едәуір. Ол жерлердің шөбін толығынан шауып алу үшін қол шалғышылар санын 150 адамға дейін көбейтеміз. Бұған бізде мүмкіншілік жетеді.

Біздің колхозда шөп шабу үшін МТС-тен 3 өздігінен жүретін шөп машина, 2 трактор агрегаты бөлінген. Бірақ, бұл машиналардың қуаты жұмысқа өнімді пайдаланмай отыр. Машиналар техникалық қарамағындықтан көп тоқтайды, сөйтіп машинашылар күндік тапсырмаларын орындай алмайды. Мұның өзі колхозда

пішен жыйнаудың басталғанына едәуір уақыт өткеніне қарамастан, шөп дайындау жоспарының орындалуының өте баяу болуына әкеліп соғып отыр. МТС басшылары машина қуатын пішен жыйнауға өнімді пайдаландудың шараларын шұғыл жүзеге асыруды ойластырып, пішен жыйнаудың жоспарын егін орағы жаппай басталғанға дейін орындауды қамтамасыз етуге тиіс.

Кәзіргі қауырт жұмыстардың бірі—егін жыйнауға әзірлік. Бізде былай бастырылған астық 6 жабық қырманда тазартылып келтіріледі. Колхозшылар 4 жабық қырманда астық қабылдауға әзірлен болды. Қалған екі қырманда салу үшін құрылыстық ағаш дайындалуда. Астықты тасу да колхоздың 5 жүк автомашинасы, 15 жөнікті бричка жұмыс істейтін болады. Бұл тасымал құралдарында толық жөндеуді. Жабық қырмандарының екеуінде астық тазарту жұмысы механикаландырылған велкалармен жүргізілетін болады. Колхозшылар МТС мамандарының көмегімен астық тазартқыштарды механизм күшімен жүргізуге бейімделуді аяқтап келеді. Бұл қырмандағы ауыр еңбекті едәуір жеңілдететін болады. Егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарына керекті басқа құрал-саймандарды жөндеу, әзірлеу жұмыстары да ойдағыдай жүргізіліп келеді. Колхоз мүшелері егін жыйнауды барлық жағынан мұқият әзірлікпен қарсы алу ісіне барлық күш-жігерлерін жұмылдыруда.

Колхозда тұрақты екі құрылыс бригадасы бар. Ол бригадалардағы колхозшылар

мал қораларының жаңа құрылыстарын салуды ерте қолға алды. Құрылысшылар аз уақыт ішінде 200 бастық бұзау үйінің, 50 орынды ісіншірлар бұзаулайтын үйдің, 1000 бастық күс үйінің құрылысын аяқтады. Кәзір ағаштан 150 бастық шошқа қорасы салынууда.

Мал қораларын қысқа әзірлеу ісіне мал өсірушілер де белсене қатысуда. Олар бұрыннан пайдаланылып жүрген қораларды тазарту, жөндеу жұмыстарын ойдағыдай жүргізіп келеді. Сонымен бірге, жылқы фермасының коллективі ферма меңгерушісі Фролов жолдасының инициативасы бойынша қамыстан құлынды биелер тұратын жаңа қора салды. Бұл қора колхозға өте арзанға түсті.

Мал өсірушілер жағзы жайылымдарды мал жаюға тиімді пайдаланып, олардың қолдылығын, өнімділігін арттыра түсуде. Мал басын көбейтудің жылдық жоспары кәзірдің өзінде жылқыдан, шошқадан және күс өсіруден артық орындалды. Малды күтіп бағуды жақсартатын, мемлекетке міндетті түрде ет, сүт, жүн тағы басқа өнімдер тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындауды көздеп отырмыз.

СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысын орындау жолындағы күресте біздің колхоздың мүшелері еңбек өнімділігін әлі де арттыра береді. Сөйтіп, колхозымызды мол табиғаты, мәдениетті шаруашылыққа айналдырамыз.

П. ВОРОБЬЕВ,

Соколов ауданы, Ленин атындағы колхоздың председателі.

дағы, Хрущев атындағы және Егім совхоздарының коллективі кәзір өсем салынған үйлерде тұрады. Бұл совхоздардың орталық усадьбасы орналасқан жерлерде көрікті жаңа селолар өсіп келеді. Оларда күн асқан сайын жаңа үйлер саны көбейе.

Тимирязев атындағы совхоздың құрылысшылары жыйналымды төрт пәтері 13 үйдің және екі пәтері бір үйдің құрылысын аяқтады. Құрылысшылар жаңа үйлер салуға жергілікті құрылыс материалдарын кеңінен пайдалануда. Мәселен, осы совхоздың құрылысшылары 67 мың саман-кірпіні әзірлеп, одан екі пәтері тұрғын үй салуға кірісті.

Саман-кірпіш дайындау жұмысы Докучаев атындағы, Егім совхоздарында да қызу жүргізілуде. Бұл совхоздардағы құрылысшылар кәзір 40 мың данадан саман-кірпіш жасады.

Хрущев атындағы совхоздың Чукулаев жолдас басқарған құрылыс бригадасының мүшелері үйді балшықтан құйып салу жөнінде жаңа бағам көтерді. Олар алғашқы үйдің қабырғаларын екі апта ішінде құйса, бұдан кейінгі екі пәтері екі үйдің әр қайсысының қабырғаларын 6—7 жұмыс күні ішінде құйып үлгерді. Чукулаев жолдас басқарған бригада мүшелері осы әдіспен астық қоймасының, автомашиналар гаражының және мал қорасының құрылыстарын салуға міндеттеме алып, бұл жұмыстарға қызу кірісті.

—Бір мезгілде кемінде 5—6 үйдің қабырғасын құюлы қатар жүргізуге болады,—дейді Чукулаев жолдас.—Бірақ, бұл үшін бізде тақтай жеткіліксіз. Бригададағы пайдаланылып жүрген тақтай бір-екі үйдің қабырғаларын құюға жетеді. Совхоз басшылары тақтаймен барынша толық жабықтау жөніндегі құрылысшылардың талабына құлақ аспай келеді. Сонымен бірге, ағаш шеберлері жаңа үйлерге керекті есік пен терезелердің жақтау ағаштарын әзірлеп үлгермейді. Құрылыс

Машинистердің қажырлы еңбегі

Петропавл паровоз депосының машинистері теміржолшылар күнін жаңа табыстармен қарсы алу үшін социалистік жарысты бұрынғыдан да өрістетуде. Әресе, июль айының өткен екі онкүндігінде машинистер еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттырып, ауыр жүк тиелген поездарды көп алып өтті. 20 күннің ішінде поездармен жоспардан тыс бірнеше жүз мың тонна жүк тасылды, көптеген тонна көмір үнемделді. 12778 поездды айналымға беріп, жолда қосымша еу алмастан сапарға шығудың санын 6565-ке жеткізді.

Социалистік жарыста алған міндеттемелерді орындауда жас коммунист А. Севостьянов жолдас басқарған машинистер-комсомолецтер ауыр жүк тиелген поездарды алып өтуде ерекше көзге түсті. Севостьяновтың өзі басқарған паровоз бригадасы айналымға 68 поезд беріп, 20 күн ішінде 34 поездға ауыр жүк тиеліп алып өтті. Жолда қосымша еу алмастан 48 рет сапарға шықты.

Ауыр жүк тиелген поездар алып жүруші таңдаулы паровозшылардың саны

ді. Бұл өрине дұрыс емес. Совхоз басшылары жаңа құрылыстар салу жұмысына басшылықты күшейтумен бірге, құрылысшылардың еңбек өнімділігін арттыруы үшін үнемі қамтамасыз етулері қажет.

Жергілікті құрылыс материалдарынан жаңа құрылыстар салудың барысы, әресе, Интернационал совхозында өте-өте баяу жүргізілуде. Мұның себебі совхоз басшылары құрылысшылардың жұмысына назар басып отырмайды. Оларды керекті материалдармен кезінде қамтамасыз етпейді. Прораб Юдин жолдас құрылысшылардың еңбегін ұйымдастыру, іске басып отырудың орнына өз бетімен жүреді. Партия, комсомол ұйымдары мен кәсіпшілер одағы құрылысшылардың арасында ұйымдастыру, үгіт-бұқаралық жұмыстарын жүргізуден тысқары қалып келеді. Олардың өзара социалистік жарысына басшылық етпейді.

Жаңа совхоздардағы құрылыс жұмысына басшылық ету — совхоз басшылары мен партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдарының кәзіргі аса маңызды міндеті. Олар әресе, құрылыс үшін жергілікті материалдарды пайдалануға ерекше назар аударуға тиіс. Совхоз басшылары құрылыс бригадаларының құрамын тағайындап, оны толықтыра түсулері керек. Құрылысшыларды жұмысқа неғұрлым тиімді пайдаланудың шараларын жүзеге асыру қажет.


Бастауыш партия ұйымдары құрылысшылардың социалистік жарысын күнбе-күн басқарып, оларды еңбек өнімділігін арттыруға ынталандыруға тиіс. Құрылыс бригадаларында үгіт-бұқаралық жұмыстарын пәрменді жүргізу қажет. Озат құрылысшылардың іс-тәжірибелерін, жақсы бастамаларын барлық жаңа совхоздардағы құрылысшылардың игілігіне айналдырып отыру—партия, комсомол және кәсіпшілер ұйымдарының басты міндеттерінің бірі.

Б. ДӘКЕНОВ.

В. АХРЕМЕНКО,
Паровоз депосының операторы.

ЖАҢА ЖЕРДЕГІ ЖАРҚЫН ӨМІР

Маленков атындағы жаңадан ұйымдастырылған совхозда



Совхоздағы № 5 трактор бригаданың тракторшысы Иван Казаков күндіз тапсырманы 135 процентпен СУРЕТТЕ: участоктік агроном Александр Крылова тракторшы Иван Казаковпен әңгімелесіп тұр.

Совхоз орталығын мәдениетті селоға айналдырамыз

Ауылшаруашылық өндірісінің негізі — астық шаруашылығын пайдаланымай жатқан тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен өркендетуге байланысты жаңадан ұйымдастырылған біздің Маленков атындағы астық совхозының құрылысына небары үш ай ғана уақыт болды. Бұл далаға Маленков атындағы совхоздың алғашқы қаласын қаққан күн менің әлі есімде. Біз болашақ совхоз партия ұйымының секретары Қрысанов, ел сыяқты тың және тыңайған жерді игеруге келген кубандық бір топ жұмысшылар ұшы-қыйырына көз жетпейтін жазық даладан совхоздың орталық усадьбасы үшін кәзіргі жерді таңдап алдық. Жұмысшылар ілезде айқын далада шатырлар құрып, бұл құнарлы өлкеде астық фабрикасы — Маленков атындағы ірі совхоздың іргесін қалай бастады.

«Көктемнің бір күні жылға азық» дейді халық. Сондықтан да біз қышыншылыққа қарамастан көктемнің алғашқы күндерінен бастап ең басты міндет — тың жатқан жерді игеруге кірістік. Егер біз жұмысшы күшінің басым көпшілігін көктем кезінде тұрғын үйлер салуға, жана не селваны көркейтуге жұмсаған болсақ, онда үкмет пен партия алға қойып отырған тың жер игеру жоспарын мерзімінде орындай алмау сыяқты қолайсыз жағдайға кез болған болар едік.

— Тың жер игеру жөніндегі үкмет жоспарын мерзімінде орындаймыз. Ал, совхоз орталығын соңынан көркейтетін боламыз.

Көктем егісі кезіндегі тың және тыңайған жерлерді игеруге өз еріктерімен келген патриоттардың бір ауыздан айтқан сөзі осы болатын.

Адамдар үшін қамқорлық жасау — біздің еліміздегі ең қасиетті іс. Еңбек адамдарының материалдық және мәдени тілегін толық қанағаттандырмайынша еңбекте табысқа жетудің қиын екендігін ескеріп, біз тың жер игерудің көктем кезіндегі жоспарын аброймен орындағаннан кейін, совхоздың орталық усадьбасына бөлінген жерде тұрғын үйлер салу жұмысын қызу қолға алдық.

Тың жерді игерушілерге үкмет пен партияның көрсетіп отырған қамқорлығы ұшан-теңіз. Оған мысал ретінде біздің совхоздың өмірін алуға болады. Мемлекет біздің совхоздың жұмысшыларының материалдық және мәдени тілегін қанағаттандыру үшін жүз мыңдаған сом қаржы бөліп отыр. Тың жер көтеруге бөлінген өте мол отандық техника күшін айтпанның өзінде совхоз жұмысшылары үшін мемлекет бір пәтерлі 15 үй, төрт пәтерлі

жұмысына қызу кірістік. Ол үшін арнаулы құрылыс бригадасын ұйымдастырып, оның құрамын қолынан іс келетін ағаш шеберлерімен толықтырдық. Кәзірдің өзінде бұл құрылыс бригадаларында 110 адам істейді. Олардың пайдалануында 4 жүк машинасы және құрылысқа қажетті техника бар. Кәзірдің өзінде бұл құрылыс бригадалары 32 үйдің іргесін қалап, оларда құрылыс жұмыстарын аяқтауға жуық. Бұл үйлерге совхоз жұмысшылары орналаса бастады.

Тың жерлерді игеріп жатқан жұмысшылардың материалдық қажеттерін мүмкіндігінше толық өтеу — совхоз басшыларының алдына қойып отырған маңызды міндеттерінің бірі болып отыр.

Кәзіргі уақытта біз бұл мақсат үшін нан пісіретін орын, асхана, мошья, магазин үйлерін салдық. Рас, бұл үйлердің барлығы тек уақытша пайдалануға ғана арналған. Дегенмен, бұл құрылыстарда да жұмысшылар қажетін толық өтеу қарастырылды.

Бір кезде аңнан басқа ешнәрсе болмаған құлазылған далада кәзір құрылыс жұмыстары қызу жүргізіліп жатыр. Біздің совхоздың орталық усадьбасын бір сөзбен құрылыс алаңы деуге болады. Біз құрылыс материалдарын пайдалануға да баса көңіл аударудамыз. Кәзірдің өзінде гараж, ұста дүкені, тағы басқа көмекші шаруашылықтарға арнап үйлер салу үшін 23 мың саман кірпіш дайындалып, сол сыяқты, 19 тонна күйдірілген кірпіш, 20 тонна цемент, 1500 текшеметр үй іргесі үшін тас, 320 текшеметр әйнек шынысы дайындалды.

Кәзіргі уақытта біздің совхоздың орталық усадьбасы көрікті селоға айналып келеді. Мұнда бір үлгімен салынған 32 үй бар. Кәзір екі қабатты, 8 пәтерлі 3 үй құрылысы қолға алынды. Ол жуырдағы аптада пайдалануға берілетін болады. Сонымен қатар, біз жеке меншікке үй салушылар үшін де барлық жағдайды жасаудамыз. Оларға қажетті құрылыс материалдары, оны жеткізу үшін машина күші совхоз есебінен тегін беріледі.

Біздің совхоздың орталық усадьбасындағы құрылыс жұмыстары тек бұдан біржарым ай ғана бұрын қолға алынды. Біздің әлі істелген жұмыстарымыздан гөрі істейтін жұмыстарымыз көп. Бірақ, біз осы аз уақыттың ішінде жұмысшылар үшін тұрғын үйлер салуда едәуір табыстарға жеттік. Ал, бұл табыстарды біз оған әрі, өрістетіп беретін боламыз. Сөйтін, совхоз орталығын көрікті, мәдениетті селоға айналдырамыз.



СУРЕТТЕ: Орталық усадьбадағы көркемөнер үйірмесінің мүшелері жаттығу үстінде. Құрылысшылар бригадасының бригадирі Борис Новиков өлең айтып тұр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Комсомолецтер — жарқын өмірді құрушылар

Біздің совхоздағы тың және тыңайған жер игеруге өз еріктерімен келген патриоттардың басым көпшілігі комсомолецтер. Кәзірдің өзінде совхоз комсомол ұйымының қатарында 190 комсомол мүшесі бар.

Коммунистік партияның шақыруына патриоттықпен үн қосып, еліміз ауыл шаруашылығын өркендету күресінің алдыңғы сапында болу үшін Солтүстік Қазақстан облысына келген жас патриоттар тың жерлерді игеру жөнінде совхоздың алдында тұрған міндеттерді шешуде белсенді роль атқарып, еңбек даласында социалистік жарыстың шын мағынасындағы жарымы болып отыр.

Егер совхоз өзі ұйымдастырылған 3 айдың ішінде 15 мың гектарға жуық тың жер игерген болса, бұл сыяқты ұшан-теңіз жұмысты орындауда совхоз комсомолдері аз еңбек еткен жоқ. Мәселен, тың жерді игеріп жатқан № 4 комсомол-жастардың трактор бригадасы совхоздың еңбек даласында өзінің қажырлы еңбегімен көзге түсіп келеді. Бұл бригада тың жер игеру маусымы басталғаннан бері күнделік жоспарды бір жарым еседен кем орындап көрген емес. Бригадир комсомолец Иван Поветкин мен бригададағы комсомол ұйымының секретары Иван Пархоменко жастардың қажырлы еңбегінің шын мағынасындағы ұйымдастырушысы болып отыр. Ал, мұндай зорат комсомол-жастардың қажырлы еңбегімен біздің

мен жолдастығы» деген тақырыпта лекция оқыды.

Совхоз орталығындағы тұрақты кино-установканың киномеханигі комсомолец Бурлакин жолдас совхоз жұмысшыларын киномен мәдениетті қамту ісінде ойлағандай жұмыс істеп келеді. Ол аптасына үш рет кинокартина көрсетіп, ол картиналардың ойдағыдай және мәдениетті көрсетуіне жетісіп жүр. Сонымен қатар, Бурлакин жолдас ауыл шаруашылығы туралы картиналарды тың игерушілер арасында кеңінен насихаттауға да баса назар аударып отырады.

Совхоз комсомолдері совхоз орталығын салу жұмысына қызу ат салысуда. Негізінде, құрылыс бригадасында істеп жүргендердің басым көпшілігі комсомолдер болып табылады. Ал, Борис Новиков жолдас басқарған комсомолдердің құрылыс бригадасының мүшелері өздерінің қажырлы еңбектерімен совхоз коллективінің құрметіне бөленген. Бұл бригаданың мүшелері аз уақыт ішінде 4 пәтерлі 6 үйдің құрылыс жұмыстарын аяқтады. Кәзір жас құрылысшылар бұл үйлердің ең соңғы құрылыс жұмыстарын жүргізуде.

Тың жер игеруде үкмет пен партия қойған міндеттерді аброймен орындау үшін қажырлылықпен еңбек етіп, Коммунистік партияның шын мәніндегі көмекшісі дәрежесінде болып отырған сов-

Жаңа совхоздағы жаңа дәрігерлік орын

Партия мен үкметтің шақыруына жауап ретінде Свердлов медициналық институтының 15 клиникалық ординаторлары Солтүстік Қазақстан облысына тың және тыңайған жерлерді игеру үшін ұйымдастырылған жаңа совхоздарда ауруханалар мен дәрігерлік пункттер ұйымдастыру мақсатымен 4 айлық командировкаға келді. Бұл клиникалық ординаторлардың бірі болып мен де тың және тыңайған жерлерді игеріп жатқан жерде жұмыс істеу үшін өз еркіммен келдім.

Ұшы-қыйырына көз жетпес айқын дала, көктемнің өлкек шөлі, жалғыз палатка — мен алғаш рет Маленков атындағы совхозға келгенімде оның көрінісі осындай ғана болатын. 100 адамға лайықталған үлкен палатканы мекендеген патриоттар бұл кезде тың жерді көтеруге қызу дайындалып жатқанды. Ал, ұлан-байлақ далада қар әлі ішетіп болмаған еді.

Совхоз басшылары дәрігерлік пункттің жұмыс істеуі үшін бізге кішкентай палатка тігін берді. Біз бұл палаткада әрі өзіміз тұрып, әрі ауруларды қабылдадық. Медикаменттердің жеткіліксіздігі, ауруларды қабылдайтын ыңғайлы орынның жоқтығы, жұмысшылар палаткасының тарлығы — міне, бұлардың барлығы біздің алғашқы күннен жұмысты ойдағандай істеп кетуімізге керісінше әсер етті. Әресе, жұмысшылар арасында профилактикалық және санитарлық ережелерді сақтау өте қиын болды. Ал, ауыз судың жеткіліксіздігі көп реттерде жұмысшылардың кү-

кездегі біздің негізгі жұмысымыз — тың жер игерушілерді санитарлық дағдыға тәрбиелеуге бағытталды. Дәрігердің және медициналық сестраның немесе фельдшердің күн сайын жұмысшылар палаткасында болып, олардың санитарлық-гигиеналық талаптарға сай тазалықта болуын қадағалап отыруы өзінің игі нәтижесін берді. Соның арқасында біз жұмысшылардың мәдениетті тұруына жетістік.

Көктем егісі кезінде біздің совхозда аурулар саны аз болды. Өйткені үкмет пен партия алға қойған міндеттерді орындау жолына патриоттардың белді бекем бууы, олардың Отан игілігі үшін еңбек етуге күшталдығы, бір сөзбен айтқанда, патриоттардың рухани дүниесінің байлығы олардың жұмыс кезінде кездескен материалдық қиыншылықтарға моюны жоқ берген жоқ.

Кәзіргі уақытта совхоз дирекциясы бізге төрт бөлмелі үй бөліп берді. Кәзір біздің дәрігерлік пунктті шын мәніндегі аурухана деп атауға болады. Бізде емделушілер жататын екі бөме, кухня үшін және амбулатория үшін арнаулы бөлмелер бар. Кәзіргі уақытта біз бұрынғыдай науқас адамдарды 47 километр жердегі Возвышен совхозының ауруханасына жібермей-ақ, өзімізде емдей аламыз.

Біздің дәрігерлік пунктте 7 адам жұмыс істейді. Олардың барлығының да арнаулы медициналық білімдері бар. Медициналық қызметте 25 жыл бойы істеп келе жатқан фельдшер-акушер Анна Ан-

рамы әлі тексерілмеген суларды пайдалануына мәжбүр етті. Бұл жағдайда іш ауруларынан сақтану өте қажет болды. Сондықтан да біз ең бірінші жұмысты осы ауыз суды жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етуден бастадық.

Сонымен қатар, патриоттарды төсек-орынмен қамтамасыз ету ісі де ойдағыдай емес-ті. Бұл жағдай да санитарлық-гигиеналық тәртіпті қатаң сақтауға көп қиыншылықтар келтірді.

Маленков атындағы астық совхозы орман-тоғайлары жоқ ашық далаға орналасқан. Алғаш ұйымдастырылған кезде совхозды отынмен қамтамасыз ету ісі де қиын болды. Өйткені, жазғытұрғы кезде жолдардың бүлінугі аудан орталығынан отын жеткізу ісін өте қиындатты.

Бұлардың бәрі алғашқы кездегі қиыншылықтар еді. Совхоз даласында еңбек майданы қызған сайын біздің жұмысымыз да өріс алып, алға баса бастады. Бұл

жұмыс қорына, мәдениеттік орына Валентина Малютина жолдастар өздерінің қажырлы еңбегімен совхоз коллективінің құрметіне бөленген.

Біз көзін күшіне 20-ға дейін науқас адамдарды қабылдай аламыз. Сол сыяқты амбулатория медицинаның ең соңғы емделу құралдарымен жабдықталған. Ал, біздің аурулар жататын палатамыз барлық қажетті жағдайлармен қамтамасыз етілген. Үкмет пен партияның тың және тынайған жерді игерушілерге жасап отырған әкелік қамқорлығының арқасында біздің дәрігерлік пункт шын мәніндегі мәдениетті ауруханаға айналып отыр. Ал, дәрігерлік пункттің қызметкерлері өз жұмыстарын кәсіпті талант дәрежесінде сай жүргізуді алдарына мақсат етіп қойған. Олардың бұл міндетті аброймен орындайтындығына сенім мол.

А. КУРОЧНИНА,

Совхоздағы участонік аурухананың меңгерушісі.

Жаңа селонның болашағы

Қиын құрылыс мекемесінің ұйымдастырылғанына аз-ақ уақыт болды. Бұл мекеме жаңа ұйымдастырылған Маленков атындағы, Жданов атындағы және Булаев астық совхоздарында құрылыс жұмыстарын жүргізеді. Быйылғы жылдың ноябрь айына дейін мекеме жоспар бойынша бұл үш совхозда барлық құрылыс жұмыстарын аяқтауға тиіс.

Мемлекет құрылыс жұмыстары үшін бізге 7 миллион сом ақша бөліп отыр. Сол сыяқты, қажетті мөлшерде жұмысшы күшімен де қамтамасыз етті. Мекемеде жүк машиналары мен техника күші де өткілікті.

Мекеме кәзірдің өзінде бұл үш совхозда 60-тан астам тұрғын үйлердің құрылысын аяқтады. Олардың көпшілігі пайдалануға берілді. Құрылыс жұмыстары әресе, жаңа ұйымдастырылған Маленков атындағы совхозда ойдағыдай жүргізілуде. Бұл совхозда бірнеше арнаулы құрылыс бригадалары ұйымдастырылған. Олар кәзір уақытта негізінен жұмысшылар үшін тұрғын үйлер салу жұмысымен айналысуда. Кәзірдің өзінде 32 тұрғын үйді салу жұмысы аяқталып келеді. Құрылысшылар кәзір екі қабатты 8 пәтерлі үш үлкен үйді салу жұмысын бастады. Бұл үйлердің фундаментін қалау жұмыстары қызу жүргізілуде. Ал, жыл аяғына дейін мұнда 2 миллион 300 мың сомның құрылыстары салынады.

Біз совхоздың орталық усадьбасының болашақта көрікті село болуына баса назар аударудамыз. Сондықтан да тұрғын үйлер салу белгілі жоба бойынша жүргізілуде. Сонымен қатар, усадьбаның орталық жеріне совхоз жұмысшыларын ауыз сумен қамтамасыз ету үшін құдық қазылып жатыр. Ал, совхоз жанынан қолдан көл орнату үшін үлкен котлаван қазу жұмысы аяқталды.

Маленков астық совхозының орталық усадьбасы болашақта көрікті селоға айналатын болады. Ал, бұл селода құрылыс жұмыстарын жүргізіп жатқан құрылыс

мекемесінің коллективі үкмет пен партия алға қойған міндеттерді орындау жолында қажырлылықпен еңбек ете береді.

Б. ТРАВКИН,

Құрылыс мекемесінің бастығы.

Булаеводан шыққанымызға біраз уақыт болса да барар жерімізге әлі көп бар. Солтүстік-шығысқа қарай көсіле тартқан қара жолмен жіті жүрген жеңіл машинаның жүрісі жер ашысын қуырғанмен, осынау ұшы-қыйрымыз көз жетпес ұлан-байтақ селеуді даланың шеті жеткізер емес.


...Көз ұшында мұнартып көрінген қала типтес тәртіппен салынған үйлері бар бұл елді пунктті я село немесе поселка деп айту қиын еді. Бір үлгімен салынған 32 ағаш үйдің көпшілігінің сыртқы құрылыс жұмыстары әлі аяқталмапты. Шыңдығында, бұл елді пункт әлі де бел-са зор құрылыс алаңына ұқсайты. Жарық бөлмеді, еңселі үйлер оған жұмысшы поселкасының кейін бергенмен, орталық алаңдағы тізілген үйлердің шет жағында жатқан сегіз пәтерлі екі атажды зор үйлердің жыйнағалы бөлшектері әлі де болса бұл елді пункттің болашақта қаншалық сәулетті болатынын аңғартқандай.

—Құрылыс жұмыстарын қолға алғалы бір айдай ғана болды. Әлі де болса еркін құлаш жаза алмай жатырмыз. —дейді жаңа совхоздың директоры Иван Лизунов жолдас. —Енді бір айдай кейін келсеңіздер, басқана көріністің куәсі болар едіңіздер.

Сыпайылықпен айтылған бұл сөздің шындық мазмұнына күмән келтірмегенмен, біздерді осы аз уақыттың ішінде істеліп қалған жұмыстар сүйсіндірді. Өйткені, азынаған жел мен тамақ іздеген аңның мекені ғана болған айқын даланың бұрынғы кейпі бізге таныс болатын. Ал, бұл жерде кәзір еңбек майданы қызып, құрылыс жұмыстары қарқынмен жүргізілуде. Бұрын 60 километрге дейін маңайында ешқандай ел кездеспейтін даланың қақ төрінде сәнді поселка салынып жатыр. Көз жетпес ақ селеуді

17 үй және сегіз пәтерлі 3 үй берді. Бұлардың бәрі жыйнағалы үйлер. Кәзіргі уақытта біз бұл үйлерді салу

И. ЛИЗУНОВ,
Маленков атындағы совхоздың директоры.



СУРЕТТЕ: Маленков атындағы астық совхозындағы жаңа көше. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Жаңа жерде

дала жас патриоттардың қажырлы еңбегімен қара мақпал жамылып халық ырысы—алтын дән өсетін өлкеге айналуы.

—Аз уақытта 4 пәтерлі 6 үйдің құрылысын аяқтадық,—дейді комсомол-құрылысшылар бригадасының бригадирі Борис Новиков.

Бұл бригаданың құрамында 6 комсомолец бар. Олардың бәрі Ново-Российск қаласынан тың және тыңайған жерді игеруге өз еріктерімен келген жас патриоттар. Олардың озат еңбектерінің куәсінің өздері тұрған үйде «Озат бригадаға» ауыспалы ымысалы көз тарттады. Бұл құрметті ымысалды олар бұдан бір ай бұрын алған болатын. Содан бері жас құрылысшылар оны қолдарына берік ұстап келеді.

Құрылыс жұмыстарында озат еңбектерімен көзге түскен бригадалар мұнда онан астам.

Олардың қажырлы еңбегінің игі жемісінің куәсіндей, дала төрінде бір үлгімен көше құра салынған сәулетті үйлер тізбегі батып бара жатқан күннің арай шұғылсымен ерекше көріктен көз тарттады.

Біздің назарымызды орталық усадьбаның батыс жағынан поселкаға қарай бет алып келе жатқан қыздардың салған дауыстары бөліп жіберді.

—Біздің қыздар, шамасы, бүгін нормаларын асыра орындаған бой, әндері көңілді көрінеді, — деді совхоз партия ұйымының секретары Қрысанов жолдас.

Бұлар жергілікті материалдан құрылыс үйлері үшін саман кірпіштерін дайындап жатқан қыздар бригадасының мүшелері екен.

—Директор жолдас, тапсырмаңыз мерзімінен бұрын орындалды. Қажетті 23

мың саман кірпішті дайындауды аяқтадық, — деді қыздар біз тұрған алаңға жақындай бере.

Бұл кезде совхоздың орталық усадьбасындағы құрылысшылар өздерінің жұмыстарын аяқтап, үйлеріне қарай бет алған еді.

...Қас қарая орталық усадьбаның шығыс жақ шетіндегі үлкен палаткадан естілген баян дауысы жастарды солай қарай шақырып жатқандай. Жүз адамға шақталған кең палатканың іші толған жас. Кәзір оларды мана құрылыс жұмыстарында жүрген жастар деу қиын. Мерекедегідей киініп, мәдениетті кейіппен палатка ішінде билеп жүрген жас жігіттер мен қыздардың кәзіргі көрінісі сауықты кешті еске түсіреді.

Енді аздан кейін бұл жастардың бір тобы —көркемөнер үйірмелерінің мүшелері өздерінің жаттығу жұмыстарына кірісті. Үйірменің ұйымдастырушысы, құрылыс бригадасының бригадирі Борис Новиковтың басшылығымен олар бұл күндері көркемөнерпаздардың аудандық байқауына дайындалып жатыр екен. Мұзықаның сазды үні мен шырқай салынған әсем әндер тынық түннің таза ауасымен алысқа кетіп жатты.

Маленков атындағы жаңа ұйымдастырылған астық совхозының кәзіргі бейнесі жаңа жердегі жарқын өмірдің алғашқы бастамасындай. Мұндағы белгіленіп отырған құрылыс жұмыстарының істелгенінен әлі істелмегені көп. Бірақ, осы істелген аз жұмыстардың өзінен бұл совхоздың орталық усадьбасының болашақтағы бейнесін айқын көруге болады. Оңтай түзу көше, сәулетті үйлер, патриоттардың материалдық қамтамасыз, мәдени

Совхоз комсомолдері тың жер игеріп жатқандардың арасындағы үгіт-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарының ұйымдастырушылары болып табылады. Көктемгі егіс басталғаннан бері комсомолдерден құрылған көркемөнер үйірмелерінің мүшелері совхоз жұмысшылары үшін 6 рет концерт көрсетті. Сонымен бірге, комсомолдердің инициативасымен совхоздың орталық усадьбасында жұмысшылардың демалыс кештері жиі ұйымдастырылып, қажырлы еңбек етушілердің кешті көңілді өткізулеріне мүмкіншілік жасалады.

Совхоздағы комсомол комитеті совхоз жұмысшылары үшін түрлі тақырыптарда лекциялар оқып, баяндамалар жасауға да баса назар аударуда. Комитет мүшесі комсомолец Алексей Андреев жолдас жуырда «Совет жастарының достығы

қын өмірді жасаушылар. Олар қажырлылықпен еңбек етеді де, көңілділікпен дем ала да біледі. Еңбекте озат, істе үлгі — біздің совхоз комсомолдерінің кәзіргі бейнесін осылай деп қана сипаттауға болады.

Рас, біздің жұмысымызда кемшіліктер де жоқ емес. Бұл кемшіліктер негізінен әлі де болса совхоз жұмысшыларының арасында мәдени-ағарту жұмысын кеңінен жүргізуімізде болып отыр. Бірақ, біз бұл кемшіліктерді жою аламыз, оған толық мүмкіншілігіміз де бар. Сөйтіп, біздің совхоздың комсомолдері жаңа жердегі жарқын өмірді құрушылар деген абройлы атақты іспен орындайтын болады.

А. РАЗИНКОВ,

Совхоз комсомол ұйымының секретары.

Өнерпаз жастар

Партия мен үкметтің шақыруы бойынша тың және тыңайған жерлерді игеруге біз алғаш рет белден кезде Маленков атындағы астық совхозы орталығының орналасатын орны да белгісіз еді.

жогары тұрмысы —бұл совхоздың кәзіргі бейнесі. Шындығын айтқанда, мұнда кәзіргі салынған құрылыстардың жалпы бағасы 300 мың сомдай, ал, мұнда құрылыс жұмыстарын салу үшін мемлекет 2 миллион 700 мың сом қаржы босатып отыр.

Құрылыс материалдары тиелген жүк машиналарының күні-түні үздіксіз ағылуы бұл совхоздағы құрылыс жұмысының қандай қарқынмен жүргізіліп жатқандығын айқын аңғартады. Өзгені айтапаның өзінде, мұнда тек стандартты үйлерді темір жол станциясынан совхоз орталығына жеткізу үшін үш тонналық екі жүк машинасы тоқтаусыз жұмыс істетеуі.

Жаңа жердегі жарқын өмірдің алғашқы көрінісі осындай, ал, оның болашағы бұдан да сәулетті, бұдан да көркем, — біздің бұл жаңа ұйымдастырылған астық совхозының кәзіргі көрінісінен алған әсеріміздің қорытындысы осындай еді.

Біз совхоз коллективімен қоштасып аттанғалы жатқанда почта бөлімшесінің қызметкері Лизуновқа телеграмма әкеп берді.

—«Сіздің совхозда ашылатын жаңа магазинге арналған стандартты үй Булаев станциясына түсірілді» делті, — деді директор телеграмманы оқып шығып, —Травкин жолдас, дереу екі машинаны Булаевқа аттандырыңыз, магазин үшін жеткізіңіз.

Бұл кезде почта бөлімшесінен екінші қыз жүгіріп келе жатты. Оның айғайлай айтқан сөзін аттанып бара жатқан біз толық есті алмадық.

—Директор жолдас, станцияға тағы да... үйлер... машина жіберсін...

Т. КӘКІМОВ,

Булаев ауданы, Маленков атындағы совхоз. (Арнаулы тілшіміз).

Жергілікті халықтар бізді қушақ жая қарсы алып, патриоттардың барлық материалдық және мәдени тиелерін толық етеуге қолдан келген мүмкіншіліктерді бәрін жасады. Біздің коллектив негізінен жастар болып табылады. Ал, жастар жүрген жерде көңілділік, қажырлы еңбек, қызықты думан болатындығы өзінен өзі түсінікті. Жас патриоттар алғашқы күннен бастап-ақ өздерінің көркемөнерпаздар үйірмесін ұйымдастырып, еңбекшілерге концерттер бере бастады.

Совхоз ұйымдасқан аз уақыттың ішінде көркемөнерпаздар совхоз жұмысшыларына 6 рет концерт көрсетті. Бұл концерттердің барлығы да зор табыспен өтті.

Біздің көркемөнерпаздар үйірмесінде 50 ден астам жастар бар. Олардың ішінде искусствоға ыңғайы бар талантты жастар аз емес. Мәселен, украиндық патриот, өңші Маша Музыченко, саратовтық Бата Россолова, Москвалық Нина Новикова өздерінің талантты өнерлерімен көрушілердің көңіліне бөленуде.

Бұл сайын көше-алуы үйі ретінде бөлініп арнаулы палатада шырқалған өн мен тартылған музыка дауыстарын естуге болады. Бұлар—жаттығу жұмыстарын жүргізіп жатқан көркемөнерпаздар.

Совхозда жүргізілетін мәдени-ағарту жұмыстарының барлығы дерлік осы көркемөнерпаздар үйірмелерінің күшімен жүргізіледі. Ал, олардың концертін совхоз жұмысшылары қызыға көреді.

Тың және тыңайған жерді игеріп жатқан жастардың арасында таланттар көп. Олар өздерінің көркемөнерпаздар үйірмелерін құрып, жұмысшыларды мәдениетті қамту жолында үлгілі еңбек етуде. Кәзір олар көркемөнерпаздардың аудандық және облыстық байқауларына қатысу үшін кеңейтілген программа бойынша дайындалып жатыр. Ал, оған дейін совхоз көркемөнерпаздары егіншілер үшін бірнеше концерттер көрсетпек.

Б. НОВИКОВ,

Совхоз көркемөнерпаздар үйірмесінің ұйымдастырушысы.

Сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесі өзінің жұмысын аяқтады

ЖЕНЕВА, 21 июль. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Бүгін жергілікті уақыт бойынша 15 сағатта Ұлттар сарайында сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесінің қорытынды пленум мәжілісі ашылды. Мәжілісте Женева кеңесінің күш төртібінің екінші пункті — Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру туралы мәселені талқылауға қатысқан тоғыз делегацияның басшылары, сонымен қатар, делегациялардың мүшелері, кеңесшілер және сарапшылар қатысуда. Мәжілісте А. Иден председателдік етті.

Бірінші болып сөз алған баодайлық делегацияның өкілі Вьетнам Халық армиясы және француз қарулы күштерінің Индо-Қытайдағы бас командвандері өкілдерінің Вьетнамда ұрыс қыймылдарын тоқтату туралы бүгін қол қойған келісім жайында бірнеше ескертпелер жасағаннан кейін, председателдік етуші А. Иден сөз алды.

Иден кеңеске қатысушылар бірнеше документтер жөнінде келісімге келгендігін атап көрсетті. Ол осы документтерді атап өтті. Бұлар — Вьетнамдағы уақытша бітім туралы келісім; Лаостағы уақытша бітім туралы келісім; Камбоджадағы уақытша бітім туралы келісім; жалпы сайлау және барлық азаматтарды ұлттық бірлестікке қосу туралы Камбоджаның мәлімдемесі; елдің әскери статуты туралы Камбоджаның мәлімдемесі; Фанг Са ли мен Сам Неуа провинцияларындағы жалпы сайлау, барлық азаматтарды ұлттық бірлестікке қосу және жеке кешіліктер туралы Лаостың мәлімдемесі; елдің әскери статуты туралы Лаостың мәлімдемесі; Индо-Қытайлық үш мемлекеттің тәуелсіздігін сақтау туралы Францияның мәлімдемесі; Индо-Қытайдың үш мемлекетінің өзінің әскерлерін әкету туралы Францияның мәлімдемесі.

Ақырында, деді Иден, Женева кеңесінің 1954 жылғы 20 июльдегі Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру туралы мәселе жөнінде қорытынды декларациясының жобасы бар, бұл кеңеске қатысушылардың атынан аталған документтер де еске алады.

Иден председателдік етуші ретінде барлық кеңеске қатысушыларға Женева кеңесінің қорытынды декларациясы туралы өздерінің пікірлерін айтуды ұсынды.

Мұнан кейін Францияның, Вьетнам Демократиялық Республикасының, Қытай Халық Республикасының, Біріккен Корольдіктің, Совет Одағының делегацияларының және басқа делегациялардың басшылары Женева кеңесінің қорытынды декларациясына қосылатындықтары туралы өздерінің мәлімдемелерін жасады. Мұнымен қатар, Камбоджа мен Буо Дай үкметінің өкілдері кейбір ескертпелер және қосымшалар айтты.

Бұл жөнінде председателдік етуші А. Иден былай деп атап көрсетті: Женева кеңесінің қорытынды декларациясы көздің өзінде-ақ түпкілікті редакцияланды және мәжілісте жасалған ескерт-

АҚШ-тың бұл мәселе жөніндегі біржақты декларациясын жариялады. Бұл декларацияда Вьетнамда, Лаоста және Камбоджада ұрыс қыймылдарын тоқтату туралы келісімді, сонымен қатар, қорытынды декларацияның алғашқы 12 пунктін АҚШ үкметі еске алады делінген. АҚШ үкметі өзінің декларациясында декларацияның аталған пункттерін жүзеге асыруға кедергі жасау мақсатымен күш көрсетіп қорқытудан және күш қолданудан тартынады деп мәлімдейді.

Председателдік етуші Иденнің ұсынысы бойынша кеңес Құрама Штаттар өкілдерінің жасаған мәлімдемесін еске алды.

Мұнан соң кеңес оның екі председателі В. М. Молотов пен А. Иденнен кеңес аяқталғаннан кейін Индия, Польша және Канада үкметтерінен телеграф арқылы байқау жөніндегі бейтарап комиссияның мүшелері ретінде Индо-Қытайдағы ұрыс қыймылдарын тоқтату туралы келісімнің орындалуын бақылауды жүзеге асыру міндетін өздеріне алуға ризалықтарын сұрау жөнінде қарар қабылдады. Мұнан соң Иден председателдік етуші ретінде қысқаша қорытынды сөз сөйледі. Ол бірнеше себептер бойынша кеңестің жұмысының ұзаққа созылғандығын және қыпай болғандығын атап көрсетті. Дегенмен де, барлық делегациялардың және кеңестің екі председателінің ынтымақтылық көрсетуі көптеген қыймылдықтарды жоюға мүмкіндік берді. Мұндай ынтымақтылық болмаған жағдайда, деп атап айтты, Иден, кеңес өзінің жұмыстарын орындауға табысқа жете алмаған болар еді.

Мұнан соң Иден былай деп мәлімдеді: жасалынған келісім барлығы бірдей толық қанағаттандыра алмауы мүмкін, бірақ мұның өзі 8 жылға созылған және миллиондаған адамдарды алаңда, ауыр жағдайға ұшыратқан соғысты тоқтатуда мүмкіндік берді. Бұл келісімдер бүкіл дүние жүзінде жаңа соғыс қаупін тугызған халықаралық шиеленісті бәсеңдетті. Ұрыс қыймылдарын тоқтату туралы келісім қол жетуге мүмкін келісімдердің ең жақсысы болып табылады, деді. Ендігінің бәрі бұл келісімнің қалай орындалатындығына және қолданылатындығына байланысты болады. Мұндай нәтижелерге жету үшін көптеген апта бойы еңбек жұмсауға тура келгендігін атап көрсетті.

Мұнан соң кеңеске қатысушылар аса зор зейін қойып тыңдаған ССРО делегациясының басшысы В. М. Молотов мәлімдеме жасады. Ол кеңеске қатысушылардың күш жұмсауының нәтижесінде Женева кеңесі негізгі мақсатқа жетті; Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру міндеті ойдағыдай шешілді, деп атап көрсетті. Кеңесте қабылданған, Индо-Қытай халықтарының ұлттық праволарын тануға негізделген және Францияның мүдделерін еске алатын келісімдерді бейбітшілік күштерінің елеулі жеңісі деп,

тардың еркі мен талабын нығайта түсетіндігіне сенім білдірді.

Мұнан соң ВДР делегациясының басшысы Фам Ван Донг мәлімдеме жасады. Ол былай деді: кеңесте қол жеткен және Индо-Қытайдағы ұрыс қыймылдарына тыйым салған келісімдер Вьетнам Демократиялық Республикасының халықтарының, Индо-Қытай халықтарының, Францияның халықтарының, Азия халықтарының зор жеңісі, бейбітшілікке ұмтылған халықтар мен адамдардың зор жеңісі болып табылады. Бұл — бейбітшіліктің ұлы жеңісі.

Қытай Халық Республикасы делегациясының басшысы Чжоу Эн-лай өзінің мәлімдемесінде Женева кеңесіне қатысушылардың Индо-Қытай мәселесі жөніндегі қол жеткен келісімдерінің мәнін сипаттады және бұлардың Индо-Қытай және Франция халықтарына бейбітшілік беретіндігін және Азиядағы, бүкіл дүние жүзіндегі халықаралық шиеленісті оңай әрі бәсеңдетуге тиіс екендігін атап көрсетті. «Индо-Қытайда ұрыс қыймылдарын тоқтату, — деді Чжоу Эн-лай, — талдау жүзеге асырылады және көптен күтілген бейбітшілік қалпына келтіріледі. Кореядағы сияқты, соғысты бейбітшілік тағы да жеңді. — Бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтау және нығайту үшін зор сеніммен бұдан былай да күш жұмсау керек».

Лаостың өкілі өзінің сөзінде кеңестің атқарған жұмысына өз делегациясының қанағаттанғандығын атап айтты. Ол былай деді: Женева кеңесінің тәжірибелері көрсеткендей, егер рух бітімшілігі көрсетілсе, халықаралық конференциялар өзара ұғынысуға жеткізе алады.

Камбоджаның өкілі өзінің сөзінде бейбітшілік ісі үшін Женева кеңесі жұмысының аса маңызды болғанын атап көрсетті.

Франция делегациясының басшысы Мендес-Франс былай деп атап айтты: француз делегациясы кеңестің жұмысына кеңестің екі председателі өздерінің сөздерінде айтып бергендей рухта қатысты.

Берлин кеңесі, деді Мендес-Франс, бірақ Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру жөнінде қиын міндет жүзетеді. Көзір бұл міндетті орындадық. Бұл келісімдердің бүкіл барысында оныс — ешқандай келісімге келуге мүмкіндік болмайтын — ымыраға келу рухы айқын көрсетілді. Көзір қалпына келтіріп отырылған бейбітшілік, деп атап көрсетті ол, біржолата түпкілікті болып табылмайды және бұл бейбітшілікті үнемі жасау жолы қажет. Егер кеңесте көрсетілген келісім рухы толықтырылып, нығайтыла берсе, егер ол іс жүзінде де қамтамасыз етілсе бейбітшілік күн санап нығая беретін болады.

Мендес-Франс сөзінің қорытындысында қол жеткен бейбітшілік нәтижелері Индо-Қытайдан тыс жерлерге тарайтындығына және бүкіл дүние жүзіндегі барлық халықтары мыңдар болып отырған

Дәстүрлі эстафета

Жақында Петропавл қаласында «Ленин туы» газетінің жүздесін алу үшін жыл сайын өткізіліп тұратын дәстүрлі эстафета болып өтті. Оған «Локомотив», «Энергия», «Буревестник», «Спартак», «Динамо» және басқа ерікті спорт қоғамдарының қоспақтары қатысты.

Дәстүрлі эстафетаны көру үшін қаладағы «Динамо» стадионына, Есіл өзенінің маңына және басқа эстафета жүретін жолдарға көптеген қала адамдары жыйналды. Олардың ішінде ересектермен бірге, спортпен әуестеніп жүрген жектеп оқушылары, жас өспірімдер де бар.

Эстафетаның старты «Динамо» стадионынан басталды. Жеті ерікті спорт қоғамдары командаларының жүгірушілері Есіл өзенінің үстіне салыпқан көпірдегі салтатқыларға эстафетаны тез жеткізуге асықты. Эстафетаның бірінші этапында «Динамо» ерікті спорт қоғамының спортшысы Семвонов көпірге бірінші болып келіп, эстафетаны салтатқа мініп тұрған Дагиллове берді. Бірақ, Дагиллов жаттығудың аздығынан эстафетаның жүретін жолын білмей, басқа жолмен кетті. Мұны пайдаланған «Энергия» ерікті спорт қоғамының спортшысы салтатпен көсілет зымырап, эстафетаны қайықшыларға өкпе берді.

Есіл өзенінің бетінде ерікті спорт қоғамы командаларының қайықшылары жарысын келеді. Ең жеміскі «Спартак» командасының спортшысы қайықшылардың алдына түсіп, оларды 100 метрдей артақта тастап кетті. Қайықшылар эстафетаны противогазбен жүгірушілерге берді. Бұл 300 метрлік противогазшылар жарысында да «Спартак» командасының спортшысы бірінші болып келді. Бұдан кейін мотоциклшілер жарысы болды. Бірақ, «Спартак» командасының мотоциклшісі эстафета келген уақытында орында болмай шықты. Осы себепті команда жарыстың қалған кезеңдеріне қатыспады. «Спартак» ерікті спорт қоғамы мотоциклшінің уақытылы орында болуын қамтамасыз етпей, бірінші орынды жеңіп алу мүмкіндігінен айырылып қалды.

Эстафетаның 11-ші этапына дейін «Энергия» ерікті спорт қоғамының спортшылары кезеңдерді бірінші болып аяқтап отырды. Бірақ, 11-ші кезеңде «Локомотив» ерікті спорт қоғамының спортшысы Хоменко «Энергия» ерікті спорт қоғамының спортшысы Никитинадан озды. Бұл «Локомотив» командасының эстафетаны бірінші болып аяқтауына мүмкіндік берді.

Дәстүрлі эстафета «Локомотив» ерікті спорт қоғамының спортшысы Токареттың финальке бірінші болып келуімен аяқталды. Команда эстафеталық аралықтарды 1 сағат 6 минут 52 секунд жүрді. Екінші болып «Энергия» ерікті спорт қоғамының спортшысы Стоянов келді. Быйылғы жылғы эстафета өткен жылғымен салыстырғанда 5 минут 1 секундқа жақсарылды.

«Локомотив» стадионында дәстүрлі эстафетанда озып шыққан «Локомотив» ерікті спорт қоғамының командасына облыс

ССРО Жоғарғы Сотында

1954 жылғы 2-7 июльде ССРО Жоғарғы Сотының соғыс коллегиясы сот мәжілісінде РСФСР қылмысты істер коллегиясының 58-7 статьясында көрсетілген қылмыспен айыпталған М.Д. Рюминнің ісін қарады.

Сот тергеуінде мынау анықталды: Рюмин бұрынғы мемлекеттік қауіпсіздік министрлігінің ерекше маңызды істер жөніндегі тергеу бөлімінің аға тергеушісі, ал, одан кейін тергеу бөлімінің бастығы болып істеген кезінде, Совет мемлекетінің жасырын жауы ретінде әрекет жасап, мансапқорлық және авантюристтік мақсаттар мен тергеу материалдарын бұрмалау жолына түскен, осындай материалдар негізінде арандатушылық істер жасалып, бірқатар совет азаматтары, соның ішінде медициналық көрнекті қайраткерлер дәлелсіз тұтқынға алынған.

Бүкілқазақстандық жетінші спартакиада

Жарыстың онбірінші күні

Алматының «Динамо» стадионы. Оның оңтүстік бөлегінде боксерлер рингісі ағараңдан көрінеді. Көптеген көрушілердің назары осы жаққа аударылуда. Жартылай финалдық шайқастар өтіп жатыр. Олар әрбір салмақ категориясы бойынша Қазақстанның чемпионы атағын алу үшін шешуші жарысқа қатысатын екі күшті боксерларды анықтайды.

Рингте бірінші орта салмақты боксерлар Каминский (Қостанай облысы) және ақмолалық Ковтун. Бұдан бұрын олар Львовтың спорт намысын қорғаған болатын. Бұл қалада тұрып, еңбек еткен, бос уақытында спортпен шұғылданғанды. Партияның шақыруы бойынша бұл екеуі Қазақстанға тың және тыңайған жерлерді игеруге келген болатын. Жаңадан келгендер өз облысының спорт коллективтерінің намысын қорғамақ, 9 минуттен бері рингте күшті шайқас болып жағыр. Азғана басымдықпен жеңіс Ковтунаға берілді. Финалдық шайқаста оның бәсекелесі Алматы облысының боксері Тычинин болады.

Жеңіл салмақ бойынша финалға қарағандылық Луконин мен Кәрімов шықты. Луконин Оңтүстік Қазақстанның боксері Сундетовті жеңіп, бұл правоға ие болған-ды. Кәрімов қатерлі бәсекелесі Р. Омаровты (Алматы) жақсы жеңіп шықты.

Алматылық тәжірибелі боксер Үеснов ұпай есебімен жартылай жеңіл салмақты Свиридовты (Жамбыл облысы) жеңді. Финалдық ойында оның бәсекелесі қарағандылық спортшы Козловский болмақ. Жеңіл салмақтылар ішінде бірінші орын алу үшін алматылық Макаревич пен қарағандылық боксер Федоров кездеседі.

Бірінші жартылай орта салмақты боксерлер Пономаренко (Талдықорған облысы) мен спорт мастері алматылық Рожковтың кездесуі күшті тартыс жағдайында өтті. Екі боксер шабуыла да, қорғалуда да табандылық, ұстамдылық көрсетті.

Куәлердің сотқа берген жауаптарына қарағанда, Рюмин совет заңы тыйым салған тергеу тәсілдерін қолданып, тұтқынға алынғандарды аса ауыр мемлекеттік қылмыстар: Отанға опасыздық, зиянкестік, шпиондық және басқаларын жасады деп өздерін және басқа адамдарды көрсетуге зорлап мәжбүр еткен.

Бұдан кейінгі тергеуде бұл айыптардың ешқандай негізсіз екендігі, сондықтан қолдан жасалған бұл істер бойынша жауапқа тартылған адамдардың толық ақталғандығы анықталды.

Рюминнің зиянкестік әрекетінің өте қауіпті екенін және оның жасаған қылмыстарының зардаптары ауыр екендігін ескере келіп, ССРО Жоғарғы Сотының соғыс коллегиясы Рюминді ең ауыр жазаға — атуға үкім етті.

Үкім орындалды.

үшін өздерінің барлық күшін жұмсауда. Жарыстың 15 минутында Шығыс Қазақстан командасының қақпасына алғашқы доп еңгізілді. Үзілістен сәл бұрын ғана алматылықтар бәсекелестерінің қақпасына екінші допты өткізді. Бірақ, Шығыс Қазақстан спортшыларының еркі бұған мойынан жоқ. Үзілістен кейін олар күшті шабуылға шықты, бірақ, астана футболшылары жақсы төтеп берді. Олар өздерінің қақпасын жақсы қорғап, бәсекелестерін ойында екі рет ортадан бастауға мәжбүр етті. Кездесу 0:4 есебімен Шығыс Қазақстан командасының жеңілуімен аяқталды.

Республиканың өткен жылғы чемпионы Оңтүстік Қазақстан командасының коллективі ойын шеберлігін бірден төмендетіп жіберді. Оңтүстік қазақстандықтар 1:2 есебімен Семей облысының командасынан ұтылып қалды. Батыс Қазақстанның спортшылары өз қақпасына бір ғана доп өткізіп, Қостанай облысы футболшыларының қақпасына бес доп еңгізді.

Проекторлардың отты сөздері Жылырма сегізінші панфиловшілер атындағы парктің эстрадасын жарқыратып тұр. Мұнда штангашылар жарысы өтіп жатыр. Жартылай орта салмақтылар өнер көрсетеді. Алматылық Лобанов штангаша қарай келе жатыр. Ол штанганы жеңіл көтерді. Судья Қазақстанның жаңа рекорды жасалғанын мәлімдеді.

Осы салмақ категориясы бойынша екінші орынды қарағандылық Мейсеев алды.

Ерлер мен әйелдер волейбол және баскетбол командалары ойынының жалғасы болды. Финалда ойнап жатқан ерлердің алты баскетбол командалары коллективі ішінде әзірше алматылықтардың нәтижесі жақсы. Ол Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Қызылорда облыстарының командаларымен кездесуде жеңіске жетті. Астаналық облыстың баскетболшылары да алты ойындан алты ұпай алды. Чем-

тедік етушінің бұл ұсынысына ешқандай қарсылық болған жоқ.

АҚШ-тың өкілі У. В. Смит АҚШ-тың үкіметі кеңестің қорытынды декларациясына кеңеске табыс етілген түрінде қосылмауға риза емес, деп мәлімдеді және

бәсеңдету жолындағы ірі қадам деп қана қарау керек.

Совет делегациясының басшысы бұл келісімдер және Женева кеңесі жұмыстарының маңызды нәтижелері бейбітшілікті онан әрі нығайтуға ұмтылған халық.

В. М. Молотов пен Фам Ван Донгтің құрметіне Чжоу Энь-лайдың қонақасы беруі

ПЕКИН, 22 июль. (СОНА). Сяньхуа агенттігі тілшісінің Женевадан берген хабарына қарағанда, Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік Әкімшілік Советінің премьері және Сыртқы істер министрі Чжоу Энь-лай кеше кешке СССР Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары және Сыртқы істер Министрі В.М. Молотов пен Вьетнам Демократиялық

Республикасының премьер-министрінің орынбасары және Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушы Фам Ван Донгтің құрметіне қонақасы берген.

Қонақасында совет жағынан В.В. Кузнецов, С.А. Виноградов, Ф.Ф. Молочков, К.В. Новиков, Ф. А. Феденко, А.А. Лаврищев, Н.П. Цигичко, А.М. Медовский және А.Н. Казанский болды.

сенім білдірді.

Председательлік етуші кеңесті жабық деп жариялады.

Сыртқы істер министрлерінің үш айға жуық уақытқа созылған Женева кеңесі өзінің жұмысын аяқтады.

Қытай жағынан қонақасында мыналар болды: Чжан Вэн-тянь, Ли Кэ-Нун, Ван Бинь-нань, Лэй Жэнь-минь, Ши Чжа, Фын Сюнь, Цяо Гуань-хуа, Чэнь Цзя-кан, Хуань Сян, Ван Чжо-жу және Лэй Ин-фу.

Қонақасының пейілділік достық жағдайда өтті.

жұлдесі және қалалық физкультура және спорт комитетінің бірінші дәрежелі дипломы тапсырылды. Эстафетаның басқа қатысушылары қалалық физкультура және спорт комитетінің дипломдарымен, жүе-діктермен наградталды.

В. ЕКИМОВ.

Қалалық физкультура және спорт комитетінің нұсқаушысы.

СОВХОЗАРАЛЫҚ ПИОНЕР ЛАГЕРІ

Қыялы астық совхозында совхозаралық пионер лагері ұйымдастырылды. Мұнда совхоз жұмысшылары мен қызметшілерінің балалары дем алуға. Олардың мәдениетті дем алып, жазғы демалыс күндерін көңілді өткізулері үшін барлық жағдайлар жасалған.

Пионер лагерінде жақсы жабықталған волейбол, футбол алаңдары бар.

бірінші орын алуға, халықаралық кездесулерде талай шайқастарды басынан өткізген-ді. Бай тәжірибе оған бұл жолы да басындылық берді. Пономаренко ұнай есебімен ұтылды. Финалда Рожковқа қарағандылық Хайрутдиновпен кездесу тұр.

Басқа үш салмақ категориясы бойынша да финалда кездесулер белгіленді. Олар екінші орта салмақты бөксерлер Космынин (Павлодар облысы) және алматылық Скромне, жартылай ауыр салмақтылар семейлік Фозиев пен Винниченко (Алматы облысы), ауыр салмақтылар Оңтүстік Қазақстанның бөксері Маринич пен Либерман (Алматы).

Қазақстанның чемпионы атағын алу үшін жарысып жатқан футбол командаларының ойынын жаңбырдан кейінгі ауа райы қиындата түсеті. Допты беру де қиын, оны қақпата дәл түсіру де қиын. Бірақ, футболшылар жеңіске жету

ішкі атағын алу үшін жарысып жатқан әйелдер баскетбол командаларының ішінде турнир таблицасына үш-үштен жеңіске жеткен Алматы және Алматы облысының коллективі бірінші орын алу жағдайында.

Алматы және Қарағанды облысы волейбол командаларының күшті кездесуі көрушілердің назрын аударды. Бірінші кезеңде үш ұшай артық алған алматылықтар жеңді. Екінші кезеңде де алматылықтар жеңді. Соңғы екі кезеңде Қарағанды спортшылары белеңе ойнады. Есеп 2:2 болып теңелді. Бесінші шешуші кезеңде Алматы волейболшыларының басымылығы айқын болды. Судья уақыт бітіп, есеп 15:5 болып алматылықтардың жеңгенін хабарлады. Бұл қиын ұтыс астана командасын көрнекті орынға шығарды. Екінші және үшінші артықтарды әзірше Қарағанды және Семей облыстарының волейболшылары бөлісіп алуға.

Командаларға енді екі-екіден ойнау ғана қалды. Әйелдердің алты волейбол командаларының турнирлік таблицасы мынадай: бірінші орында Алматылық әйелдер волейбол командасы. Қарағанды әйелдер командасы да алматылықтармен бірдей ұпай алды. Үш кездесу де ұтылған. Жамбыл облысының әйелдер волейбол командасымен бірдей таблицаны төменгі орын алған Алматы облысының командасы ойынды нашар өткізуде.

(ҚазТАП).

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«МҰНЫ ҰМЫТУҒА БОЛМАЙДЫ»
Сағат 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«КӨМЕЛЕТІК АТТЕСТАТ»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

Осы жылғы 18 июльде, түнде мемлекеттік қамсыздандырудың Полудень аудандық инспекциясының екі аты жоғалды. Біреуі 3 жасар қарагер ат, жалы екі жағына түскен, оң құлағының тілігі бар. Екіншісі жирен ат, мандайында төбелі бар, жалы қырқылған, оң құлағының жоғарғы жағы тілінген.

Осы аттарды көрген-білгендер болса мемлекеттік қамсыздандырудың Полудень аудандық инспекциясына немесе Петропавл қаласында Киров көшесі 103-үйдегі мемлекеттік қамсыздандырудың облыстық басқармасына хабарлаулары сұралады.

В. БОЧКАРЕВ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШОЛУ

СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛЕРІНІҢ

ЖЕНЕВАДАҒЫ КЕЛІССӨЗДЕРІНІҢ

ҚАЙТА БАСТАЛУЫ ЖАЙЫНДА

Женевада сыртқы істер министрлерінің Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру туралы мәселе жөніндегі кеңесі қайта басталды. Бес ұлы держава делегацияларының басшылары Швейцариядан уақытша кеткен кезден бергі апталардың ішінде Индо-Қытай мәселесін талқылауға қатысушы тоғыз елдің өкілдері көп жұмыс істеді: олар, атап айтқанда, Индо-Қытайдағы атысты тоқтату соғыс қиймыларының барлық аудандарында жедел, толық және бір мезгілде жүргізілуге тиіс деп тапты. Уақытша бітім туралы келісімнің сақталуын бақылауды ұйымдастыру жайындағы мәселе жөнінде көзқарастар жақындасты. 8 июльде Женеваға қайтып келген СССР Сыртқы істер министрі В.М. Молотов былай деп атап көрсетті: министрлердің орнында қалған делегациялардың өкілдері «Женева кеңесінің жақсы нәтижелерге жетуі үшін зор маңызды болуға тиісті жұмыстар істеді».

Бірақ Женева кеңесінің жақсы нәтижелерге жетуіне АҚШ агрессияшы топтарының айла-әрекеттері тағы да кедергі келтіруде. Мұны, атап айтқанда, американдық мемлекеттік секретары Даллестің 13 июльде өзінің де, өзінің орынбасары Смиттің де Женеваға баратын ойы жоқ деген мәлімдемесі айқын дәлелдейді. Индо-Қытайдағы қантөгісті тоқтатуға көмектескісі келмейтінін көрсетудің бұдан гөрі жақсы әдісін американдық дипломатиясы, сірә, ойлап таба да алмайтын еді. Бүкіл дүние жүзі АҚШ билеуші топтарының халықаралық қатынастардағы кезіргі шенеңістің басты айыптылары болып табылатындығының, дәл солардың айла-әрекеттері бейбітшілік елдердің Азияда бейбітшілікті қалпына келтіруге жұмсаған

күш-жігеріне бөгет болып отырғандығының тағы бір айғағын көрді.

Вашингтонның Женева кеңесі жөніндегі мұндай позициясы американдық дипломатиясы үшін өте тиімсіз болып, АҚШ-ты өзінің басты одақтастарынан онан әрі ықпал қалдыру мүмкін екендігін айқын көрсетті. Француздың «Монд» газеті былай деп көрсеткен болатын: «АҚШ Женева кеңесіне қатысудан мүлде шалтартқан күнде, француз-американ қатынастарының ғана емес, сонымен бірге батыс одағының да болуына күмән туатын болады». Мұнымен қатар Женева кеңесінің, тіпті кеңесте мемлекеттік департаменттің өкілі болмаған күнде де, өз жұмысын онан әрі жүргізе беретіндігі айқын болды.

Мұның өзі американдық дипломаттарын жаңа айла-әрекет жасауға итермелейді. 14 июльде Даллес күтпеген жерден Парижға келді, онымен бір мезгілде Женевада жүрген Иден мен Мендес-Франс та Парижға келді. Үш батыс державасы сыртқы істер министрлерінің біржақты кеңесі кезінде Даллес, баспасөз хабарларынан айқын көрініп отырғанындай, Индо-Қытай мәселесі жөніндегі өзінің көзқарасын Иден мен Мендес-Франсқа таңуға тырысқан. Ол, атап айтқанда, мұның өзін Париждың «Фигаро» газеті көрсетіп отырғанындай, Индо-Қытай жанжалын реттеуге қатысу ісіне АҚШ келісетін шарттарды ғана қабылдатуға тырысқан. Бұл «шарттар», іс жүзінде, Женева келіссөздерін сәтсіздікке ұшыратуға және Индо-Қытайдағы соғысты онан әрі сәуле бағытталған талаптарға келіп тірелді.

Париждағы келіссөздердің нәтижелері Вашингтонға пайдалы болмай шықты. Өйткені Англия мен Франция, баспасөздің хабарына қарағанда, американдық өктемдігіне толық бағынуға әзір екендігін білдірмеген. Даллес өзінің орынбасары Смиттің Женева кеңесіне қатысуына ризалық білдіруге мәжбүр болды. Сонымен, Женева кеңесін сәтсіздікке ұшыратпақ болған

американдық дипломатиясының тікелей, тұн-тура жасаған әрекеті толық күйреді. Министрлердің Женевадағы келіссөздері Американың қатысуымен қайта басталды.

Ал оның бер жағында американдық дипломатиясының Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіруге кедергі жасауды көздеген өз жоспарларынан тіпті де бастартпай отырғаны айқын болды. Бұл дипломатияның Индо-Қытайдағы уақытша бітімді сақтауға кенілдіктер беруге және еркін сайлау өткізуге қатысы бар мәселелер жөніндегі айла-әрекеттері Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіруге қарсы бағытталған. Американдық тімсікілеу әрекеттері Женевадағы кеңеске бұрынғысынан белгілі бір қауіп төндіріп отыр.

ҚЫТАЙДЫҢ ЗАҢДЫ ПРАВОЛАРЫН

ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ҮШІН

Қытай Халық Республикасының халықаралық салмағы мен беделінің артып отырғаны күн сайын айқын көрінуде. Женева кеңесінің жұмысына Қытай өкілдері қосып отырған маңызды үлес және Чжоу Энь-лайдың Индия мен Бирмаға барған сапары, онда халықтар арасындағы бейбіт қатынастар принциптерінің жарияланғаны халықтық Қытайдың бейбітшілікті қорғау және Азияда қауіпсіздікті қамтамасыз ету позициясында тұрғанын тағы да көрсетті. Дүниенің барлық бөліктерінде Қытай Халық Республикасы жөніндегі кемсітушілік саясатын тоқтату және оның БҰҰ-дағы праволарын қалпына келтіру талаптары күшейе түседі. Барлық бейбітшілік алаңдар ұлы Қытай державасының, сайып келгенде, халықаралық проблемаларды шешуге ешқандай шек қойылмай қатысуға мүмкіндік алуына мүдделі болып отыр.

12 июльде Мирзапурда болған бұқаралық митингте сөз сөйлеген Индияның премьер-министрі Неру халықтық Қытай

дың БҰҰ-дағы заңды праволарын қалпына келтіруге кедергі жасаушы батыс державаларын, ең алдымен АҚШ-ты сынады. Неру тағы да былай деп мәлімдеді: Қытайды танымау—шыңдыққа көз жұму деген сөз. Халықтық Қытайдың өкілдерін БҰҰ-ға енгізуді ресми түрде жақтан отырған мемлекеттер қатарына Жаңа Зеландия да қосылды. Жаңа Зеландияның сыртқы істер министрі Уэбб Қытайдың халықтық үкіметі БҰҰ-дағы өз орнын алуға тиіс деп соңғы күндердің ішінде екі рет мәлімдеме жасады.

Батыс Еуропа елдерінде, соның ішінде Англияда Қытай Халық Республикасының халықаралық праволарын тану жолындағы қозғалыс бүкілхалықтық сыйпат алуға. Бұл алуан түрлі саяси бағыттағы газеттер 600 миллион халқы бар Қытайды елемеудің ақылға сыймайтын саясатына қарсы шығуда, өйткені Қытай өмір сүріп отырғандығының өзімен ғана халықаралық жағдайға орасан зор ықпал жасауда. Мысалы, «Дейли миррор» газеті былай дел мәлімдеген: халықтық Қытайды «БҰҰ-ның халықаралық кеңестеріне қатысудан шексіз шығарып тастай беру бейбітшілік ісіне көмектеспейді.» «Егер Қытайға осы орасан үлкен азиялық державаға дүние жүзінің ұлы державалары арасынан орын берілмей отырған болса, онда Азиядағы жағдайды баянды түрде реттеуді қалай қамтамасыз етуге болады?—деген сұрақ қойған газет.

Қытай Халық Республикасының халықаралық ролінің артуы және оның праволарын тану жолындағы қозғалыстың барлық жерде де өрістеуі АҚШ-тың агрессияшы топтары жүргізіп отырған Қытайды елемеу саясатының сәтсіздікке ұшырағанын көрсетеді. Бірақ американдық реакцияшылар өздерінің ақылға сыймайтын позициясын әлі де қасарысып ұстап келеді. Қытай Халық Республикасының БҰҰ-дағы заңды праволары танылсын деген көптеген елдердің жұртшылық және ресми топтарының жаңа талаптарына жауап ретінде американдық билеуші топтары

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02071.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғары басқармасының № 18 баспахамасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21-үй.